

Серік Асылбекұлы

Империядағы туған күн кеші

Пьеса

18+

Серік Асылбекұлы

Империядағы туған күн кеші

http://www.litres.ru/pages/biblio_book/?art=54978121

SelfPub; 2020

Аннотация

Аталған пьесада бұрынғы Совет Одағы деп аталатын алып империяның бір бөлшек сынығы болып табылатын Қазақстанда алғашқы кездері жабайы капитализм ретінде көрініс тапқан экономикалық, қоғамдық әлеуметтік трансформацияның бұрынғы совет адамдарының құндылықтар жүйесін астан-кестен еткен қым-қиғаш өзгерістері бейнеленеді. Бұрынғы мызғымастай көрінген социалистік моральді енді нарықтық экономиканың ақша мен капиталға табынған мінез-құлқы алмастырады. Сүйтіп қоғамда осы өзгерістерге тез бейімделгендер озып, ал бұрынғыша өздерінің тек адал еңбектері мен бұрынғы социалистік мәдениетке сүйенгендер жаңа социумның аутсайдерлеріне айналады. PDF-формат издания не отображает используемый в книге шрифт.

Екі бөлімді драма

Қатысушылар:

Айдар Сейтқалиұлы – жасы 40-тар шамасында, кәсіпкер

Ұлжалғас – 40-тар шамасында, Айдардың жұбайы

Болат – Ботик – 17-де, Айдардың ұлы

Берікбол – 35-тер шамасында, Айдардың ауылдан келген інісі

Сұлтанбек Ертуғанұлы – 50-лер шамасында, кафедра меңгерушісі, профессор

Гүлден – 27-28-дерде, аспирант қыз, Сұлтанбек Ертуғанұлының сүйікті шәкірті

Тойболды – 40-тар шамасында, аға оқытушы

Нұрсұлу – Тойболдының жұбайы, 38-39-дар шамасында

Сәния – 20-да, даяшы

Фараби – 19-да, даяшы

Бірінші бөлім

Кешқұрым

Толықсыған тамыз. Табиғат-ана дертіп, айы-күні жетіп, әбден піскен. Айдар Сейтқалиұлының екі қабатты жекеменшік ресторанының жаздық алаңындағы терасса, көзге ең алдымен сол ресторанның келісті фасады, екінші қабатындағы ұзын балконы, жартылай ашық тұрған қызыл қоңыр, биік емен есігі, есікке ілінген төрт бұрышты тақтайшаға көрнекті әріптермен кестелеген «Ресторан жөндеу жұмыстарына байланысты уақытша жабық»

Кешірім өтінеміз. Әкімшілік» деген жазу шалынады.

Ресторанның ауласы кісі бойындай, еңселі темір шарбақтармен қоршалған. Сол шарбақты жағалай өскен екі-үш шырша мен ақ қайыңы, үйеңкісі аралас тағы бір бесалты түп ағаш жапырақтарын молынан жайып, жайқалып тұр. Аталған мекеменің кіреберісінің алдындағы по-стаменттерде екі арыстанның мүсіні қойылған, Бұл күшті, қаһарлы жануарлардың тас бейнелері аулаға сән беру үшін ғана емес, жұрт алдында осы мекеменің айбынын асырып, оның мәртебесін асқақтата түсу үшін де қажет болған секілді. Екі арыстан да тым тәкаппар, маңғаз. Олар осында келген қонақтарды бірінші болып қарсы алады.

Ресторанның маңдайшасында үлкен әріптермен оймышталған «Империя рестораны» деген жазу жарқырайды. Ол кешке қарай неон шамдарымен сәулеленеді. Жазудың екі қапталына орналасқан барельефтерде де аң патшасы арыстанның бастары бейнеленген.

Жазғы алаңдағы террасада бір-біріне тіркестіре қойылған екі-үш үстел мен сол үстелді жағалай он шақты орындық қойылған. Үстелдердің үстінде тап-таза ақ шаңқан дастархандар, бақшадан жаңа ғана үзілген жас гүлдер салынған хрусталь вазалар. Сонымен бірге түрлі-түсті керамикалық тақталар төселген жаздық алаңды жағалай қойылған үлкен қыш құмыраларда да көздің жауын алып, қызылды-жасылды сәндік гүлдер мен өсімдіктер өсіп тұр. Осылардың бәрі жиналып келіп бұл ме-

кемедегі сәніне салтанаты келіскен тоқ,, бақуатты өмірді айғақтайтындай. Ресторанның ішінде жөндеу жұмыстары жүріп жатқандықтан, пьесаның екі бөліміндегі барлық оқиғалар осы жаздық алаңда өтеді.

Шымылдық ашылғанда біз жаңағы бір-бірлеріне тіркестіре қойылған үстелдердің ортан беліндегі орындықтарда бір-біріне қарама қарсы жайғасқан Айдар Сейтқалиұлы мен Берікболдың шүйіркелесіп отырғанын көреміз. Ал Сәния мен Фараби дастарханды әртүрлі тағамдар салынған ыдыс-аяқтармен, тамақ жеуге арналған тағы да басқа қажетті ас приборларымен жабдықтау үстінде. Олар ыдыс-аяқтар мен ас приборларын ресторанның бірінші қабатындағы асханадан тасып жүр. Соған қарағанда жөндеу жұмыстары бірінші қабатта бітіп, ол енді екінші қабатқа көшкен секілді.

Берікбол. Айтпақшы, тарс есімнен шығып кетіпті, бүгін сіздің туған күніңіз екен ғой. Құттықтаймын!.. Сыйлығыңыз – мойнымда.

Айдар(қолын сілтеп). Өй, қойшы соны!.. Соған басыңды ауыртып қайтесің. Келгенің жаңа. Маған жасаған ең үлкен сыйлығың – осы... Өзіңді менімен жүздестіргенің. Айтпақшы, кездеспегенімізге қанша болды өзі?

Берікбол. Үш жыл болды ғой дейім. Айжамал тұрмысқа шыққанда келініңіз екеуміз келіп едік қой, ұмытпасам, наурызда. Әлде сәуірде ме екен?.. Әйтеуір ерте көктем болатын. Ал өздеріңіз елге келуді мүлде қойдыңыздар ғой.

Айдар. Мына заман бір алашапқан болып кетті емес пе. Әйтеуір мұрша жоқ, бір жұмыстан соң бір жұмыс итініп келет те тұрады... Сонымен келін, балалар тегіс аман ба?

Берікбол. Шүкір, аман-есен.

Айдар. Ауыл-аймақ?.. Ағайын?..

Берікбол. Олар да дін аман.

Пауза.

Бірлі-жарым кемпір-шалдар бар ғой енді о дүниелік болып жатқан. Айтуған ақсақал есіңізде шығар. Жуырда со кісі қайтты. Бата оқып бардық.

Айдар. *(Мұсылманшылық салтымен бетін сипап).* Иманды болсын... Жақсы кісі еді ғой.

Берікбол. Иә, алды кең, ағайынға қамқор, мейірімді адам болатын, Елде де қазір ондай шалдар қалмауға айналды. Қазіргі жұрттың обал-сауапта жұмысы жоқ, бәрі пайданың, дүние-мүліктің, ақшаның ізінде.

Айдар. Е, енді қайтесің. Заман солай ғой. Айтпақшы, Нұрлан қазір нешінші сыныпта оқып жүр?

Берікбол. Алдына тоғыз оқиды. Жігіт боп қалды. Бойы сорайып, қазір маған жетеқабыл.

Айдар. Мектепті бітірген соң бізге әкел. Егер грантқа түсе алмаса, ақшасын өзім төлейім. Оқытамыз.

Берікбол. Рахмет-рахмет. Осы Алматыға, Сіздерге әкелмей қайда апарамыз. Болаттың бірыңғай тестілеуден 95 балл жинағанын есітіп, бәріміз де қуанып жатырмыз. Келініңіз мәз, қайным оқуға түсетін болды деп. Мына ресторандары-

ңыздың да жөндеу жұмыстары аяқталып қалған екен, бәрі құтты болсын!..

Айдар. Бүгін сол Ботиктің тестіден аман-есен өткенін атап өтпекпіз. Оның үстіне менің туған күнім де бар дегендей... Мына жөндеу жұмыстары бітпеген соң, ешкімді арнайы шақырған жоқпыз. Екі-үш жолдасымыз «құттықтап барамыз» деп, Ұлжалғасқа өздері хабарласыпты. Қазір көп ұзамай келіп қалар. Айтпақшы, ауылда, «Бірлікте» бүгінде ел қалды ма өзі?..

Берікбол. Қазір онша қалып жарытпады-ау. Мықтаса, сол бір жиырма шақты отбасы болар.

Айдар. *(басын шайқап, таңырқап).* Ал бір кезде қалың ел еді, ә?.. Біздің бала күнімізде со «Бірлікте» құрығанда екі жүз-екі жүз елудей түтін бар еді ғой.

Берікбол. Иә, сол шама болатын.

Айдар. Баяғыда біздің ауылдың шалдары жаздыгүні киіз үйдің көлеңкесінде аузындағы насыбайларын шырт-шырт түкіріп қойып: «Елу жылда ел жана, жүз жылда қазан» деп отыратын жарықтықтар. Солар бәрін біледі екен ғой.

Пауза.

Айтпақшы, сұрауды ұмытып барады екем, Алтын тәтеміздің үйі қайда қазір? Сол «Бірлікте» ме?

Берікбол. Жоқ, о кісінің үйі де аудан орталығына көшіп келген. Бізбен көрші. Біздің үйдің жанындағы теміржол көпіріне барып тірелетін шолақ көше бар емес пе, со көшенің бойынан бір үй-жай сатып алған. Кенжесі Сырымның қолын-

да.

Айдар. Е-е, солай де... Осындайда ойыңа қай-қайдағы түседі. «Бірлікте» Жарықбас деген шал болушы еді ғой, есіңде ме?

Берікбол. Неге есімде болмасын. Ол кісінің шын аты Аманкелді ғой. Біздің ауылдың әйелдері ғой Жарықбас атандырып жүрген. Басында үлкен тыртығы болатын. Жас кезінде көкпар тартып жүріп, аттан құлаған ба, сондай бірдеңесі бар әйтеуір...

Айдар. Солай ма? Мен оны білмейді екем. Әйтеуір жас әйелдер «Жарықбас қайнаға» деп сызылып отыратын. Үлкен де, кіші де, бәрі де солай атайтын еді ғой. Үйі ауылдың шетінде, дарияның дәл жиегінде-тін. Біз, ауыл балалары, өрістен қайтқан малды со кісінің үйінің қасынан қарсылап алатынбыз. Ұмытпасам, со кезде шалдың аудан орталығындағы интернатта жатып оқитын, бойжетіп қалған бір әдемі қызы және сегіз-тоғыз жастар шамасындағы құлағы қалқиған, көздері алақандай, бадырақ көз бір қара баласы бар еді. Қысы-жазы маңдайына қызыл жұлдыз қадаған бір әскери сұр пилотканы басынан тастамайтын.

Берікбол. Иә, есімде...

Айдар. Со бала олай өтсек те, былай өтсек те, сарайдың төбесіндегі үйілген пішеннің үстінде қала жақтан келетін айдау қара жолға қарап, шоқиып отыратын да қоятын. Ұмытпасам аты Қасымбек болу керек. Иә-иә, Қасымбек... Біз оған әдейі не дер екен деп: «Әй, Қасымбек, кімді күтіп отырсың?»

десек, ол үнемі «Тәтемді күтіп отырмын да» деген бір ғана жауап беретін. Сонда тәте деп әлгі қалада оқитын әпкесін айтады-ау деймін. Әйтеуір таңертеннен кешке дейін шөптің үстінде шоқиып отыратын да қоятын.

Берікбол. Білесіз бе, қазір сол жігіт Астанада үлкен қызметкер деп естідім. Жаңылыспасам, әлгі Монополияға қарсы республикалық агенттік бар ғой, соның төрағасының орынбасары көрінеді. Негізі сол Қасымбек мектепті де, институтты да жақсы бітірді. Оның үстіне қайын жұрт жағы да бір дөкейлер көрінеді.

Айдар. Қойш?! Онда Астанаға барғанда о баланы тауып алып, дұрыстап танысып алу керек екен.

Пауза.

Сосын әлгі біздің көшенің бойындағы азық-түлік дүкеніне қарама-қарсы тұратын бухгалтер көкеміз бар еді ғой. Ой, әлгі... атын ұмытып отырғанымды қараш... Әй, анау... тайыншадай-тайыншадай қабаған овчаркалары бар, сыриған ұзын сары.

Берікбол. Е-е, Орынбасарды айтады екенсіз ғой. Ол кісі бізге нағашы болып келеді.

Айдар. Иә-иә, Орынбасар-Орынбасар!.. Әйтеуір жарықтық қысы-жазы басынан бір атам заманға сұр қалпағын, қолтығынан бір қызыл былғары папкасын тастамайтын. Тірі ме әлі?

Берікбол. Жоқ, баяғыда қайтыс болған.

Айдар. *(мұсылманишылық салтпен бетін алақанымен*

сипат). Иманды болсын пақыр. Ал кемпірі ше, бар ма?

Берікбол. Кемпірі бар. Әлі сол «Бірлікте». Сол үйде Бөлекбай деген сәл ақылы кемдеу, бірақ шаруаға мығым бір кісі бар еді ғой, есіңізде ме?

Айдар. Иә, сол анау Орынбасардың үйінің бүткіл қара жұмысын атқаратын ысқаяқ қара ғой. Таңертеннен қара кешке дейін «Ахау, Айдош-ай, Куда пойдош-ай, Егер мені іздесең, везде найдешь-ай» деп әндетіп жүретін.

Берікбол, Дәл үстінен түстіңіз. Нақ өзі. Ол кісі әлі тың, пәлендей қартаймаған. Әлі сол үйдің отымен кіріп, күлімен шығып жүр баяғыша.

Айдар. Алда, пақыр-ай...

Ресторанның ауласына Ұлжалғас пен Болат келіп енеді. Болат Берікболды енді көріп тұрса керек, елден келген ағасымен құшақтасып амандасады.

Болат. Келуіңізбен, аға!..

Берікбол. Рахмет-рахмет!.. Үлкен жігіт болдың ба? Оқуға түсуіңмен!.. Тоқсан бес балл алды деп есіттім. Қуанып жатырмыз бәріміз. Құтты болсын ал!..

Болат. Рахмет, айтқаныңыз келсін.

Ұлжалғас (Айдарға). Қонақтар келді. Жаңа сырттарынан көріп қалдым. Сұлтанбек Ертуғанович, Тойболды, Нұрсұлу, келіншек пе, қыз ба – тағы біреу бар, бәрі машинадан түсіп жатыр.

Айдар. Иә, келсін-келсін. Қыз дайын болса, біз дайын дегендей...

Ұлжалғас. Иә, сенің ойың әйтеуір сол ғой... Мына балалардан да ұялмайсың.

Айдар. Е-е, бұлар, немене, еркек емес пе екен?!. (*Болатқа бұрылып*). Ботик, мына шешеңе бірдене десеңші.

Ұлжалғас. (*Айдарға қолын бір сілтеп*). Жарар енді!.. Саған сөз өтуші ме еді...

Ұлжалғас енді ресторанның ішінен поднос көтеріп шыққан Сәнияға бұрылады.

Сәния, бәрі дайын ба? Қонақтар келді.

Сәния. Дайын, Ұлжалғас Көпбаевна. Салаттар мен суындарды, ішімдіктерді – бәрін дастарханға қойдық. Асханадағы қыздар манти әзірлеп жатыр, ал қуырдақ пісіп тұр.

Ұлжалғас. Дұрыс-дұрыс. Жақсылап қызмет етіндер, қонақтардан ұят болмасын енді.

Сәния. Саспаңыз, Ұлжалғас Көпбаевна. Бәрі о кей болады. (*Фарабиге бұрылып*). Әй, Фарап мырза, үстелдердің үстіндегі қасықтар мен шанышқыларды түгенде.

Аулаға күткен қонақтар – Сұлтанбек Ертуғанұлы, Тойболды, Нұрсұлу және Гүлден келіп кіреді. Бүгінгі мереке иелері оларды алдарынан шығып қарсы алады: бір-бірлерінің беттерінен сүйісіп, құшақтасып, мәре-сәре болып қалады бәрі.

Сұлтанбек. Ал, Айдеке, туған күн құтты болсын! Міне, шақырмасандар да ескі әдетпен келіп қалдық.

Айдар. Рахмет-рахмет. Шақырсаң, жұрттың бәрі келет. Ал нағыз достар әдетте өздеріңіз секілді шақыртпай келеді

емес пе, Сұлтеке.

Ұлжалғас. Мына ресторанның екінші қабатындағы жөндеу жұмыстары аяқталмай жатыр. Құдай қаласа, енді жуырда бітеді. Сонда өздеріңізді арнайы шақырамыз, Сұлтанбек Ертуғанович! *(Тойболды мен Нұрсұлуға бұрылып).* Тәке, Нұреке Сіздерді де! Осы тұрған бәріңізге ат шаптырып, арнайы шақыру билетін жібереміз.

Тойболды. Айтсаңыз болды ғой! Тағы да жетіп келеміз онда осы командамызбен.

Нұрсұлу. Рахмет, сендердің – Айдар екеуіңнің – сараңдардың сортынан емес екендеріңді жақсы білеміз ғой. Ал енді Ботиктің бірыңғай тестіні тамаша тапсырып, оқуға түскені құтты болсын!

Сұлтанбек. Айтпақшы, ең басты жаңалықты ұмытып бара жатыр екенбіз ғой. Келін, Айдеке, құтты болсын!..

Тойболды. Иә, расында да, бүгінгі күннің ең ұлы қуанышы осы емес пе?! Айдекеңнің туған күнін жылда тойлап жүрміз ғой мүйіз шығатын болса.

Нұрсұлу *(Болатқа).* Ботик, бері келш, айналайын!..

Болат ұяла күлімсіреп, Нұрсұлуға жақындайды. Нұрсұлу оны құшақтап, бетінен сүйеді.

Ал бақытты бол, құлыным! Әрдайым алдыңнан ақ күн тусын!..

Болат. Рахмет, тәте...

Енді Нұрсұлудың көзі Сұлтанбек Ертуғанұлының қолындағы қымбат былғары портфель мен күйеуінің қолын-

дағы дәу брезент қапқа түседі.

Нұрсұлу (*Сұлтанбек пен Тойболдыға*). Мына заттарыңызды бір жерге қоя тұрсаңыздаршы.

Сұлтанбек (*Тойболдыға*). Иә, Нұрсұлу дұрыс айтады. Тойболды, менің Алматының ең атақты ұмытшағы екенімді білесің ғой, мына портфельді қабыңмен бірге көрнекті бір жерге қойшы. Оның ішінде он күн бойы көз майымды тауысып жасаған кафедраның бір жылдық есебі бар. Қайтарда ұмытып кетіп жүрмейін, есіме саларсың.

Тойболды. (*портфельді алып жатып*) Құп болат, Сұлтеке! Қазір мен бұларды құтты орындарына қондырайын...

Тойболды портфель мен қапты алып кетеді.

Айдар. Ал, Сұлтеке, енді былай... дастарханға қарай жақындайық.

Ұлжалғас. Иә-иә, дастарханға... Бәріміз...

Сұлтанбек. Жоқ, Айдаржан, егер рұхсат болса біз мына жөндеу жұмыстары жүріп жатқан ресторандарыңның ішін көріп шықсақ...(Нұрсұлуға). Нұрсұлу, қалқам, сен бұл ұсынысқа қалай қарайсың?

Нұрсұлу. Дұрыс-дұрыс, Сұлтанбек Ертуғанович! Жақсыны көрмек үшін деген, көрейік. Ал ішіп-жеуге, Құдайға шүкір, әрқашан үлгереміз ғой.

Сұлтанбек(*Айдарға*). Ал рұхсат па, қожайын?

Айдар. Әрине, Сұлтеке!..

Нұрсұлу. Онда кеттік...

Бәрі ресторанның ішіне еніп кетеді. Сахнада тек Сәния

мен Фараби қалады.

Сәния. (Фарабиге) Бай болған қандай керемет,ә?! Ішіп-жем – мол, астында – былқылдаған шетелдік қымбат авто, (қолын екі жаққа құлаштай жайып) достарың – пішен!.. Жүресің дүниені шайқап. Қандай рахат, ә-ә?!

Фараби. Оның несін сұрайсың, белгілі жайт емес пе.

Сәния. Сонда да дегенім ғой. Мысалы, мына сенің бай болғың келе ме?

Фараби. Әрине. Кімнің бай болғысы келмейт.

Сәния. Ол рас. Менің де бай болғым келет. Бай болғанда да анау-мынау емес, супер бай болғым келет!.. Өмірге бір-ақ рет келеді кенсің, ендеше мына дүниені олай да былай шайқап өту керек қой, ә-ә, Фараби?! Солай ма?..

Фараби. Солай шығар...

Сәния. Солай шығар емес, дәл солай! Бірдеңені айтқанда сен осы неге нақты, дәлме-дәл, қадап-қадап айтпайсың?! (Фарабиды пародиялап). Сөл-ә-й шығар, сөл-ә-й шығар...

Пауза.

Фарап, осы қалай баюға болат, а-а? Айтып тұрмын ғой, ана Айдар Сейтқалиевич пен Ұлжалғас Көпбаевна секілді менің де шіріген бай болғым келет деп. Және кейін емес, тап осы қазір, дәл қазір байығым келет!.. Айтшы, а-а, қалай баюға болат?!

Фараби. Сен де қызықсың! Соны білсем, мен өсітіп даяшы болып жүрем бе?

Сәния. Ал мен білем!.. Аяқ астынан байып шыға келу

үшін, мәселенки, мына маған немедленно бір бай жігітке күйеуге шығып алу керек!

Фараби. Онда неге сүйтпейсің?

Сәния. Эх, Фарап-Фарап!.. Жасың бақандай он тоғызға келді, қалай түсінбейсің осындай қарапайым нәрселерді? Ондай супер күйеуді маған аяқ астынан кім тауып бере қояды, а-а, айтшы?! Ол үшін адамға бақ қону керек, бақ! Енді ұқтың ба?

Пауза.

Әне, қонақтар сыртқа шықты. (*Күрсініп*). Ал енді іске кірісейік...

Ресторанның ішінде бес-алты минуттай аялдаған қонақтар мен үй иелері тізілісіп, қайтадан жазғы алаңдағы террассаға шығады.

Сұлтанбек. Жарайсың, Айдар мырза! Керемет!.. Интерьерді қатырыпсың! Ана қабырғадағы суреттер, фрескалар қазақ флюклары сюжеттерінің негізінде жасалған ғой дейім?

Ұлжалғас. Иә, «Алпамыс батыр» жырының сюжеті бойынша.

Нұрсұлу. Е-е, енді түсіндім. Әне бір есік жақтағы екі танауы шелектей, қожырайған дәу қара Ұлтан құл екен ғой. Тамаша-тамаша!

Тойболды. (*Сұлтанбекке, таңданысын жасыра алмай, басын шайқап*). Сұлтеке, шамдарды... люстраларды көрдіңіз бе?! Қалай, ә?! Әшейін көздің жауын алып мөлт-мөлт

етіп тұрғанын!.. (Айдардың басынан сипап). Мына бас не көрмеген бас дейсіз – біледі ғой, білет! Солай емес пе, Сұлтанбек Ертуғанович?..

Сұлтанбек. (Тойболдының сауалына оңша мән бермей, Айдарға). Люстраларды қайдан алдыңдар?

Айдар. Чехиядан... арнайы тапсырыспен.

Нұрсұлу. Айтатыны жоқ, ресторандарыңның атына дейін дәл тауып қойыпсыңдар. «Империя» десе, нағыз империя!..

Тойболды. Ханымдар мен мырзалар! Осы ең миы көп бас Тургеновтікі ме, әлде Лениндікі ме еді?

Гүлден. Тургеновтікі.

Тойболды. Ендеше, жолдастар... то есть ханымдар мен мырзалар! Ақ бас тарихтың осы бір қателігіне бүгінен бастап түзету енгізуге тура келіп тұр. Меніңше, ең милы бас – біздің Айдекендікі. Мына жердің астындағының да, үстіндегінің де бәрін білетін америкалықтар: «Егер сен ақылды болсаң, неге бай емессің?» дейді екен. Солар біліп айтқан. Ендеше егер Тургенов Айдардан да милы болса, оның неге мына «Империя» секілді екі қабатты ғажайып рестораны болмаған. Рас, ол кісі дворян ғой, сондықтан мына мен секілді ыңыршағы айналған кедей болмаған шығар. Ал бірақ тарихи фактілер ол кісінің сәні мен салтанаты келіскен мынадай ғажайып екі қабатты рестораны болғаны жөнінде жұмған ауыздарын ләм-мим деп ашпайды. Келісесіздер ме осыған?

Бәрі хормен «Келісеміз! Келісеміз!..» деп, жамырап қоя береді.

Ұлжалғас. Бірақ Тургенов артына тамаша-тамаша көп әдеби шығармалар мен кітаптар қалдырды ғой.

Тойболды (*қолын сілтеп*). Әй, шырағым, қойш соларды! Бұл күнде со кітаптар мен шығармаларды оқитын адам қалды ма мына жер бетінде? Тап қазір бизнестің, кәсіпкерліктің заманы. Ендеше құрметті Тургенов мырзаның өзі баяғыдай өзінің шығармаларымен мақтана алмас еді тап осы қазір ғайыптан тайып болып біздің ортамызға тіріліп келсе.

Нұрсұлу (*көздері жайнап*). Да-да, «Империя» – ресторан европейского класса! Ничего не скажешь – очень шикарная штучка!

Тойболды. Міне-міне айтқаным айдай келді. Өйткені мына бар ғой, менің зайыбым бірденеге қатты риза болса, немесе керісінше қатты қапаланса, осылайша орысша шүлдірлеп қоя береді. Ал дәл қазір ол кісі қатты риза болып тұр. Ендеше, бүгін сенің мақтануыңа әбден болады, Айдар Сейтқалиевич!

Гүлден(*ерекше әсерленіп*) Да, действительно, все классно! Супер!..

Айдар. Рахмет-рахмет.

Ұлжалғас. Ау, қадірлі меймандар! Енді отырайық. Мен білетін Айдекең болса, сіздер қанша мақтауын келістірсеңіздер де, ол жуық арада «қой» деп айта қоймайды. Сондықтан енді дастарханға жақындайық.

Айдар. (*басын шайқап*). Әркімнің бір жауы бар деген, а-а...

Бәрі қобырласып-жабырласып, орындықтардың аяқтарын дырылдатып, жұп-жұптарымен дастархан басына жайғасады. Болат келіп, шешесінің құлағына сыбырлайды.

Ұлжалғас (*Болатқа*). Жарайт, бара ғой. Бірақ тым кешікпе.

Болат. Кешіксем, «звондаймын» ғой.

Болат сыртқа бет алады.

Айдар(*Болатқа*). Әу, жігітім! Мына қонақтар сенің құрметіңе келіп отыр ғой.

Болат (*артына бұрылып*). Пап, мен қазір келем.

Айдар. Сенің қазіріңді білеміз ғой. Тағы да сол Жалғас-баеваға «свиданиеге» кеттің бе?

Ұлжалғас, Ту-у, сен де бір... Баланы кісілердің көзінше ұялтпай, жайына қарап отырш!.. Қазір біраздан соң келет.

Айдар (*кекетіп*). Иә, қазір жүгіріп келе қояр. Білеміз ғой о баланың жайын.

Болат кетеді.

Ұлжалғас.(*Айдарға бұрылып, сұрақты жүзбен*). Қартайғанда қандай шал болар екенсің?

Айдар. Қандай шал болам... Кәдімгі нормальный шал болам да.

Ұлжалғас. Қайдам, Құдайдың құтты күні мазамызды май ішкендей қылып отырмасаң... Ал, жолдастар, енді тамадамызды сайлап алып, мына шағын тойымызды әрі қарай жалғастырсақ... Егер сіздер қарсы болмасаңыздар, менде мынадай ұсыныс бар – тамадамыз Тәкең, Тойболды бол-

сын деген. Кәне, осы ұсынысты қолдайтындарыңыз қол көтеріңіздер.

Бәрі қолдарын көтереді.

Қарсы, қалыс – жоқ. Тәке, бірауыздан бастық боп сайлауыңызбен құттықтаймын! Ендігі сөз кезегі – өзіңізде.

Тойболды. (*тамағын қырнан*). Мынау өзі аяқ астынан қызық болды ғой... Бірақ енді бір жағынан дұрыс та сияқты. «Сағынайдың асында шаппағанда, атаңның басында шабасың ба» демекші, мен енді жан досым Айдекеңнің туған күнінде асаба болмағанда, қайда болам. Олай болса, не десе ем екен?..

Нұрсұлу. Бірдеңе дейсің де енді...

Тойболды. Олай болса, жолдастар... Ту-у, коммунистердің заманынан қалған осы бір сөз де қыстырылып бәле болды ғой. Ханымдар мен мырзалар деуім керек екен ғой. Ал қымбатты ханымдар мен мырзалар, біріншіден, алдарыңыздағы рюмкелеріңізге толтырып-толтырып құйып қойыңыздар!

Пауза.

Так, құйып болдыңыздар ма?.. Онда екіншіден... Иә-иә, екіншіден, сөз осы отырған бәріміздің асқар таудай ағамыз, Алматы мемлекеттік университетінің «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Сұлтанбек Ертуғанұлына – қадірлі Сұлтекене беріледі.

Нұрсұлу. Ура!..

Ұлжалғас. Ура!.. Ал, аға, құлағымыз сізде!

Пауза.

Сұлтанбек (*орнынан тұрып*). Ал, Айдаржан, келін! Ең алдымен сендерді мына Болаттарыңның ат жалын тартып мініп, азамат болғандығымен құттықтаймын! Ұзағынан сүйіндірсін. Екіншіден, Айдеке, туған күніңмен!.. Міне, біз сені мына Тойболды, Нұрсұлу үшеуміз білгелі он бес жылдың жүзі болыпты. Оның үстіне мен, сен, Тойболды үшеуміз бір кафедрада он шақты жыл қоян-қолтық қызмет еттік. Құдайға шүкір, бір-бірімізге «шәй» дескеніміз жоқ. Сонан сен тоқсаныншы жылдардың бас жағында ғылымды тастап, біржолата бизнеске кеттің. Сүйтіп кәсіпкерлік әлемінде шар болаттай шыңдалдың. Қазір, міне, сол әлемдегі төрт құбыласын түгендеген алпауыттардың біріне айналып отырсың. Есіңде болсын, біздің кафедра сол үшін өзінді әрдайым мақтан тұтады. Басқа не дейім... Осылайша бақытың өрлей берсін! Біз, ежелгі достарың, саған соны ғана тілейміз. Арада жылдар өткен сайын сенің әулетіңнің мына «Империясы» үлкейіп, қыранша қанатын кеңге жая түссін!.. Сол үшін!..

Тойболды. Император Айдар Сейтқалиұлы жасасын!..

Нұрсұлу. Оның даңқы арта берсін!

Айдар (*сәл-пәл толқып*) Рахмет, достар, рахмет!..

Ұлжалғас. Сіздерді Тәңір жарылқасын!

Тойболды. Кәне, Сұлтекеңнің тосын бәріміз бір тамшы қалдырмай алып қоямыз! Өйткені мұндай кісілер тарихта жүз жылда бір-ақ туады.

Сұлтанбек (*күліп, орнына отырып жатып*). Мың жыл-

да демегеніңе шүкір әйтеуір.

Нұрсұлу. Сұлтанбек Ертуғанович, сіз күлменіз! Шын мәнінде сіз біздің жалауымызсыз, мақтанышымызсыз!

Ұлжалғас. Рас-рас!..

Пауза. Қонақтар енді көңілдерін бірлеп, бәрі жақсы тәбетпен ішіп-жеуге кіріседі.

Тойболды. *(екі ұрты бұлтылдап, иегімен Берікболды ымдап көрсетіп).* Айдеке, Сен бізге мына қонақ жігітті таныстырмадың ғой.

Айдар. А-а айтпақшы, айып менен. Бұ жігіт менің ауылда тұратын бауырым. Туған інім. Аты – Берікбол. Елдегі тірегіміз. Жаңа, осыдан бір сағаттай бұрын ғана кешкі пойыздан түсті.

Тойболды *(Берікболға қолын ұсынып).* Тойболды... Мына кісі – біздің үйдегі әпкең. Нұрсұлу ханым деген мықты осы кісі болат. Ал Сұлтекеңді жана дұрыстап таныстырдым. Қалғандарын өздеріңіз бұрыннан білесіздер дегендейін...

Айдар *(сәл-пәл шыдамсызданып, Гүлден жаққа мойнын бұрып).* Тойболды, сен бізге мына қонақ қарындасты таныстырмадың ғой.

Ұлжалғас *(күйеуінің құлағына ысылдай сыбырлап).* Немене, таныса алмай, арманда кетермін деп өліп бара жатсың ба?! Қазір айтайын деп жатыр ғой, сәл шыдасаңшы!..

Тойболды. *(орнынан тұрып).* О-о-о, бұ кісінің есімі ғажап!.. Гүлден!!! Гүлден бір жағынан Сұлтекеңнің шәкірті, ал бір жағынан... Иә-иә, бір жағынан аспиранткасы. *(Гүл-*

денге бұрылып). Гүлденжан, ал мына ағанның ныспысы – Айдар. Айдар Сейтқалиевич... Бүгінгі кештің бас геройы. Ал ол кісінің қасындағы әпкенің аты – Ұлжалғас. Ұлекен – Айдекеннің жұбайы, яғни оң қолы, кейде сол қолы, кейде мойыны, кейде тағы бір жері... Қысқасы, бұ кісісіз Айдекеннің күні жоқ. Ақылды баласың ғой, оны өзің де мен айтпай-ақ шамалап отырған шығарсың.

Гүлден. Очень приятно!..

Айдар. Өзіңізбен танысқаным бек қуаныштымын, айналайын. Түсіңіз жылы бала екенсіз.

Гүлден. Рахмет.

Тойболды. Ал енді танысып болсақ, келесі тосқа көшеміз. Келесі тост, келесі тост... дүние жүзіндегі ең сұлу, ең сымбатты, ең мейірімді...

Айдар. Ең сүйкімді келіншек Нұрсұлу ханымға беріледі.

Тойболды, Түһ, осы адамның ішіндегіні қалай біліп ұқо-ясыңдар, әй?!

Айдар. Е-е, білмей. Кімнің кім екенін білетіндей жасқа келдік қой.

Тойболды. Ал онда...

Нұрсұлу. Ау, ал онда мырза! Әуелі манағы Айдекене алып келген сыйлығыңды тапсырсайш! Сосын сөйлей жатамыз ғой.

Сұлтанбек. Нұрсұлудікі жөн. Тойболды, сыйлықты өзін тапсыр.

Тойболды . А-а, шынында да солай екен-ау. Біздің бәй-

біше тек қана сұлу емес, оның үотіне ақылды да жан ғой. Қалай тауып алғам, ә, қалың қыздың арасынан адаспай. Есіме дәл уақытында салғанын қараш. Қой, мен сыйлықты әке-луге кетейін.

Кетеді.

Айдар. Айтпақшы, Жанбай мырза көрінбейді ғой. Сұл-текең мен Тойболдыдан кейінгі үшінші мушкетер...

Сұлтанбек. Жанбай келінді алып, аэропортқа кетті. Балаларын күтіп алуға. Асқар Кембридж университетінің үшінші курсын бітіріп, демалысқа келе жатқан көрінеді.

Нұрсұлу. Егер үлгерсек соңына таман болса да, жетеміз деген Шәрипа.

Ұлжалғас. Уақыт қалай зымырайды, ә? Асқардың оқуға түскен күні кеше ғана сияқты еді, содан бері демнің арасын-да үш жыл өтіп кеткен бе?

Нұрсұлу. Айтпа-айтпа...

Ұлжалғас. Асқар жарады. Кембрижде оқитын қазақтың баласы саусақпен санарлықтай шығар!

Айдар. (*Гүлденге*) Қарындас, салаттан, көкөністен бы-лай... қысылып-қымтырылмай алып отырыңыз. Өзіңіздің үйіңіздегідей... Құдай қаласа, әлі бәріміз дос боп кетеміз.

Гүлден. Рахмет пейіліңізге... Алып отырмын.

Пауза.

Сұлтанбек(*Берікболға*). Бауырым, ел-жұрт аман ба? Де-малысқа шығып па едіңіз?

Берікбол. Жоқ, аға. Бір-екі күнге ғана келгем. Пәлендей

жұмыс жоқ, мына ағамыз бен жеңгемізге сәлем беріп кетейін деген ғой...

Сұлтанбек. Ие, жөн-жөн... Қазір қалай енді?.. Былай... елдің шаруашылығы түзеліп келе ме?

Берікбол. Құдайға шүкір, бірте-бірте халық еңсесін тіктеп келет. Жұрт әйтеуір жаппай Қытайдың ала қабын арқалаған заманнан құтыла бастады.

Сұлтанбек. Дұрыс екен, өстіп-өстіп ел боп кетеміз ғой. Еңбек етсек, біздің жұрттың басқа халықтардан кемдігі жоқ қой.

Брезент қапты көтеріп, Тойболды келеді.

Тойболды(*қапты жерге қойып жатып*). Айдар мына қаптың ішінде сенің туған күңіңе арналған сыйлық жатыр. Қазір жоғары жақтан мөрмен бекітілген сценарий бойынша мен оның аузын ашуға тиістімін. Бірақ ол үшін сен мына көздері жәудіреп отырған жамағатыңа онда не жатқанын айтуың керек. Шарты – солай.

Айдар. Бұл бір қиын шарт екен. Оны мен қайдан білем? Өзің білесің, көріпкелдігім жоқ...

Тойболды. Жо-жоқ, білуге тиістісіз! Жаңағы біз бәріміз жабыла мақтаған алтын бас сізге не үшін берілген? Ойланыңыз! Толғаныңыз!..

Айдар(*ойланған болып*). Етегіне, шалғайы мен жағасына мынадай дәу-дәу қошқармүйіз ою салынған бір шапан...

Тойболды. Сосын?..

Айдар. Сосын баяғы хандар киетін үлке-е-н айыр қалпақ

болар етегі делдиген... Эдетте, біздің қазекемнің фантазиясы осы төңіректерден табылатын сияқты еді ғой.

Сұлтанбек. Таппадың...

Тойболды(*күйінген кісіше*). Сұлтеке-ау, таппағаны өз алдына, оның үстіне, байқадыңыз ба, бұл мырза, сыпайылап айтқанда, біздің талғамымыздың жоғарылығына ептеп күмән келтіріп тұр ғой!..

Айдар. Жо-жоқ, көңіліңе келмесін. Бәріміз де қазақпыз ғой, сондықтан жаңағы айтқанымның ішінде өзім де бармын.

Тойболды. А-а, солай ма?! Білмей жүрсем, Сіз де қазақ екенсіз ғой!.. Дегенмен әлгі версияң шындықтың маңайына да жоламайды. Демек, тағы да ойлануыңызға тура келеді.

Айдар. Онда не десем екен?.. А-а, таптым!.. Бұ қапта, мен білсем, Нарынқолдың ба, әлде Кегеннің бе, әйтеуір бір бейшара қойының еті бар сияқты. Сенің қапты мықшындап әзер көтеріп келе жатқаныңа қарағанда, сондай бір ауыр зат жатқан тәрізді онда. Менің тамақсау екенімді жақсы білесіңдер. Сірә, Айдар қызылсырап жүрген шығар деп ойлаған болуларыңыз керек.

Тойболды(*басын шайқап*). Жо-жоқ, мүлде басқа жаққа лағып кеттіңіз.

Нұрсұлу(*шыдамай*). Жарайт, енді жетер. Бәлсінбей былай... ашсайшы қабыңды! Айдеке, в самом деле все очень просто – қаптың ішіндегілер балықшының керек-жарақ заттары. Сенің балық аулағанды жақсы көретінің есімізге түсіп кетіп...

*Тойболды қапты ашып, оның ішінен әуелі шағын ре-
зеңке қайық пен оның екі ескегін, балықшы қармағын, бір
пар ұзын қонышты резеңке етікті, балықшылар мен аңшы-
ларға арналған қалың брезент шалбар мен күртені, сон-
дай-ақ брезенттен тігілген сұр қалпақты алып шығып,
рет-ретімен жерге біртіндеп қоя бастайды. Сонан соң қай-
ықты насоспен үрлеп, оны тез арада жұмысшы қалпына
келтіреді де, ескекті тиісті тетіктерге қондырады.*

Тойболды(Айдарға). Ал бәрі дайын!.. Тақсыр, Сіз өзіңіздің ең сүйікті ермегіңіз – балық аулауға баруға жүз пайыз әзірсіз!.. Тек мұнда келіп, мына дүние-мүкамалда-рыңызға иелік етуіңіз ғана қалып тұр.

*Айдар орнынан тұрып, жұртты күлдіру үшін ерекше маңғазданып, қоразданып, сонан соң билей басып, Тойбол-
дыға қарай цирк клоундарынша маймаңдай жөнеледі.*

Нұрсұлу(Айдарға сүйсіне көз салып). Какой он сегодня важный, в то же время очень элегантный!..

Гүлден. Действительно, просто прелесть! Он оказывается не только бизнесмен, но и великолепный актер!..

Ұлжалғас. Иә, ағанның талай өнері бар, шырағым. Аман-дық болса, бұдан басқасын да көрерсің.

Тойболды(Айдарға). Ал мыналарды енді үстіңе өлшеп көр. Меніңше. Нақ сенің размерің.

Айдар. Ыстықтап кетпейім бе?

Тойболды. Біз құтты болсын айтып болған соң, шешіп тастайсың ғой. Ештеңе етпейді.

Айдар әуелі шалбар мен күртені, сонан соң резеңке етік пен қалпақты киіп, қолына қармақты алып, сонан соң көз алмай өзіне қарай қадалып қалған публикаға бұрылады.

Айдар. Қалай, ұқсаймын ба?

Сұлтанбек. Айнымайсың!..

Гүлден. Тура кинодағы сияқтысыз!..

Тойболды. Құдды түйе!..

Нұрсұлу. Шынында да, бұ жолы тауып кеткен екенбіз!..

Между прочим, о баста бұл менің идея болатын.

Сұлтанбек. Иә-иә, идея Нұрсұлудікі болатын. Біз қостадық.

Айдар үстіндегі балықшы киімдерін тастамай, жаңа көйлек киіп, сонысын жұртқа жариялауға құмартқан жас балаша олай-былай бірер минут көлбеңдеп жүреді.

Ұлжалғас. Құтты болсын!.. Жарайт енді үстіндегілерді шеш, терлеп кетерсің.

Айдар(күліп). Біртүрлі шешкім келмей тұр-әй!..

Ұлжалғас. Қой, болды енді. Шеш!.. Мына жұртың күтіп қалды. Әлі талай адам тост көтеру керек.

Айдар балықшы киімдерін шешіп,өзінің орнына келіп отырды. Сонан соң жалма-жан қайтадан ұшып тұрады.

Айдар. Ханымдар мен мырзалар! Қазір мен бір-екі ауыз сөз айтып жіберсем деп тұрмын. Бұған қалай қарайсыздар? (Нұрсұлуға бұрылып) Нұреке, кешіріңіз, Сіздің кезегіңізді алып қойдым ба?..

Нұрсұлу. Өй, о не дегенің Айдеке! Сөйле-сөйле!.. Түн

ұзақ, сөзді бәріміз қатырамыз ғой әлі.

Айдар. Онда, жігіттер, қыздар, бәріңізге рахмет! Мыналарыңыз бір керемет сый болды. Сіздер менің жанымды түсінеді екенсіздер. Шын айтам, өмірімде маған ешкім дәл осындай тамаша сый жасаған жоқ әлі.

Мына жалған дүниедегі азғантай қызықтың, рахаттың бірі осы балықшылық қой. Кешке қаладан жүз елу шақырым жол жүріп барып жарықтық Іленің басына барып қонасың. Палатқанды тігесің. Дүние тым-тырыс, құлаққа ұрған танадай. Көктен сан миллион жымындаған жұлдыздар құттықтап тұрады. Өзен жақтан неше түрлі шөптердің жұпарын аңқытып,

болар-болмас самал желпиді. Түн ортасына дейін өсітіп табиғатпен табысып, түрлі қиялға шомып, жатасың. Содан таңертең орныңнан атып тұрып, апыл-ғұпыл киініп, бірденеден құр қалғандай өзенге қарай жүгіресің. Жардың басына шығып алып, бір Жаратқанға сыйынып, қармағыңды суға лақтырасың. Сонан соң екі көз – қалтқыда, демінді ішіңнен алып, қатасың да қаласың!.. Бір кезде қалтқы қалтылдай бастайды. Бұл – балық қармақтың басындағы жемді түрткілей бастады деген сөз. Сәлден соң қалтқы суға батып, қармақтың жібі дір-дір ете қалады. Демек, балық қармақты қауып кеп алды. Осы сәтте жүрегің шымыр-шымыр етіп, бір сәтке тоқтап қалғандай болады. Шіреніп, қармақтың сабын құлаштай тартып кеп қаласың.

Дәл осы бір бақытты сәт үшін түн ұйқыңды төрт бөлесің-

ау. «Балыққа барайық» деп, кейбір сал бөкселеу еріншек жолдастарыңды бір апта бойы үгіттейсің. Сонан соң арып-ашып 150-200 километр жол жүресің. Соның бәрі жаңағы бір мүйнеттік бақытты сәт үшін!..

Мұны тек аңшылар мен балықшылар ғана түсінеді. Тағы да айтам – рахмет сіздерге!.. Сіздер менің жанымды түсінеді екенсіздер.

Нұрсұлу(*күліп, Ұлжалғасқа*). Осы еркектер деген қызық, ә?!.

Ұлжалғас. Қызық деген ол бір жағы ғой. Құдай білет, осылардың бастарында бірдеңелер жетіспейді. Болмаса, өзін ойлап көрші – қайдағы бір бейшара балыққа қармақтағы жемді түрткізу үшін екі жүз шақырым жол жүру деген ақылға сыйымды нәрсе ме? Айтшы өзің енді!..

Нұрсұлу. Рас-рас...

Тойболды. Ханымдар мен мырзалар! Бүгін той – анау-мынау емес, императордың тойы! Сондықтан түк қалдырмай, ақтай алып тастаңдар. Кәне-кәне!.. Мен бәріңді бақылап тұрмын.

Нұрсұлу. Кеттік!..

Бәрі рюмкалардағы арақ пен шараптарды түбіне дейін алып қояды.

Тойболды. Жолдастар... Туһ, тағы шатасып кеткенімді қараш. Ханымдар мен мырзалар! Той жақсы өту үшін, әуелі бәріміздің жақсылап қызып алуымыз керек. Сол үшін мен кештің басында тәжірибелі тамада ретінде тостарды жиілет-

сем. Сосын кейінірек барып сирексітем. Сондықтан ендігі тост кезегін ауылдан, елден келген қадірменді ініміз...

Ұлжалғас. Берікбол...

Тойболды. Иә-иә, Берікбол інімізге береміз.

Берікбол(*орнынан тұрып*). Құрметті қонақтар! Ағалар, тәтелер, жеңгелер, қарындастар! Мен Сіздермен танысқаныма аса қуаныштымын. Шынымды айтсам, өзім бүгін Айдекеңнің туған күні екенін ұмытып та кетіппін. Елде, ауылда Сіздердегідей туған күн жылда-жылда тойлана бермейді ғой, дөңгелек даталар болмаса... Ал сіздер менің ағамның туған күнін ұмытпай, шақыртпай келіпсіздер. Нағыз достар екендеріңіз осыдан-ақ көрініп тұр. Рахмет, Сіздерге! (*Айдарға бұрылып*). Ал, аға, Айдеке, туған күніңіз құтты болсын, денсаулығыңыз мықты болсын. Біз, елдегі туысқандарыңыз, Сіздерді, Ұлжалғас жеңешем екеуіңізді мақтаныш етеміз. Алматыда осындай ағамыз, жеңгеміз бар деп. Қысқасы, Сіздер бақытты болсаңыздар, осы ақ дастарханның басына ақ ниетпен келіп отырған бәріміз бақытты болайық!..

Сұлтанбек. Жарайсың, інім! Міне, елдегі біздің азаматарымыз қалай! Біздің болашағымыз осылардың қолында ғой!

Тойболды. Молодец!.. Өзі Берікбол болса, өзі біздің атақты Айдекеңнің інісі болса, ол қалай осал болмақ!.. Рахмет, інім!.. Кәне, бәріңіз бір тамшы қалмай алып қойыңыздар! (*Гүлденге бұрылып*). Гулечка, кәне-кәне!..

Гүлден. Мен алып отырмын.

Тойболды. Кәне, көрсетіңізші... *(Гүлденнің жанына барып, оның рюмкесін тексереді).* Жоқ, рас екен. Рахмет, қарындасым, біздің Сұлтанбек Ертуғанович өзіне анау-мынау кісіні шәкірт етпейді ғой. *(Айдарға бұрылып)* Айдеке, ал кеттік, сенің құрметіңе!

Айдар. Өзің білесің, бұл жағынан бізде отказ болмайды ғой.

Ұлжалғас. Иә, ол жағын қатырасыз ғой...

Нұрсұлу. Мырзалар, енді былай... сәл аяқ-қол жазып, билемейміз бе? Отыра берсек, тамақ жей береміз, сосын күпті болып қаламыз.

Тойболды. Әй, бір есептен менің бәйбішемдікі де дұрыс-әй!.. Музыка жағын кім басқаратын еді?

Ұлжалғас *(дауыстан).* Фар-а-а-п!..

Ресторанның ішінен Фараби шығады.

Фарап, музыканы қойшы!

Фараби магнитофон қойылған бұрыштағы биік үстелге қарай бет алады.

Гүлден. Черлюнис!..

Нұрсұлу. Раймонд Паульс!..

Сұлтанбек. Қалдаяқов!..

Бірақ магнитофоннан осы замандық биге арналған жеңіл музыка ойнала жөнеледі. Бәрі ортаға шығып, билей бастайды. Үстел басында тек Тойболды мен Айдар қалады. Екеуі рюмкелерін соғыстырады.

Айдар. Ал, кәне!..

Тойболды. Әй, осы тым көбейтіп жібергеніміз жоқ па?!

Той жаңа ғана басталды...

Айдар. Ничего-ничего... Ештеңе етпейт... Ал, кәне!..

Тойболды. Ал онда кеттік...

Екеуі де рюмкаларындағыдан тамшы қалдырмай алып қояды. Ұлжалғас келеді.

Ұлжалғас. Мырзалар, байқандар. Со кеткеннен «вытрезвительден» бір-ақ шығып жүрмендер.

Айдар (*Ұлжалғасқа көзін алартып*). Біз бе?.. Кім апарат бізді ол «вытрезвительге»?..

Ұлжалғас. Кім болушы ед?! Полицейлер де. Кешке қарай олардың көшеге қаптап кететінін білмейсің бе?

Айдар. Полицейлер?! Мына мені алып кете ме сол сенің полицейлерің?! Шамаларына қарасын! Мен олардың генералдары болмаса, анау-мынауларымен сөйлеспеймін. Тапқан екен алып кететін адамды!.. Әй, сен менімен қанша жыл отассаң да, мына күйеуіңнің кім екенін білмей-ақ қойдың ғой осы!..

Ұлжалғас. Ойбай, қойдық-қойдық. Іше бер онда...

Ұлжалғас кетеді.

Айдар. Е-е, бәсе, сүй демейсің бе... Тойболды, Тәке... Осы дүниеде мына өзіңнің туған әйеліңді мойындату қиын екен-әй бәрінен! Мені әлі сол осыдан жиырма жыл бұрынғы жалаңаяқ салаға сияқты көрет!.. Сенің әйелің де солай ма, әлде тек менің әйелім бе сондай?..

Тойболды(*қолын сілтеп*). Өй, олардың бәрі бір сорттан

ғой. Басыңды қатырып қайтесің соған.

Айдар. Жо, жәй әшейін реті келіп жатқан соң айтқаным ғой. Айдардың басы ол емес, одан да зорына қатпайды ғой. Айтпақшы... (*Гүлденді иегімен нұсқап*). Мына бикешің керемет қой-әй?! Қайдан тауып алып жүрсіндер?! Әй, бәлесіндер ғой, бәлесіндер!..

Тойболды. Айдеке, сен байқа. Ол бикешке көз сұғыңды көп қадай берме. Сұлтекеңнің шамына тиіп кетіп жүрерсің.

Айдар. Немене, ана қыз... Соның бірдеңесі ме?

Тойболды. Со кісінің аспиранткасы. Және анау-мынау емес, ең сүйікті, ерке аспиранткасы. Одан әрі қазбаламай-ақ қояйын, ақылың бар жігітсің ғой, ар жағын өзің түсініп аларсың.

Айдар(*басын шайқап*). Әй, біздің шал пәле, а?! Вкусы күшті өзінің!

Тойболды. Әрине, пәле. Енді өзің айтпақшы, тегін адам профессор бола ма?

Музыка аяқталып, би бітеді. Тойболды мен Айдардан басқалары ресторанның жаздық би алаңында.

Нұрсұлу(*сәл-пәл алқынып*). Уф-ф!.. Терлеп кеттік қой... (*Үстел басындағы Тойболды мен Айдарға*). Ау, мырзалар!.. Иә-иә, Сіздерге айтып тұрмын, бері жақындасандаршы! Оған үлгересіндер ғой әлі. Менің білуімше, (*ресторанның жартылай ашық тұрған сыртқы есігін нұсқап*) ана жақта «запаста» кемінде әлі бір-екі жәшік арақ-шарап бар.

Ұлжалғас. Соны айтам-ау...

Тойболды мен Айдар тағы да бір-бір рюмкені түбіне дейін қотарысып, дастархан жайылған үстелмен қимай-қимай қоштасып, үлкен топқа келіп қосылады. Сұлтанбек кіреберіс алаңда тұрған арыстандардың бірінің жалынан барып сипайды. Жұрттың назары енді сол жаққа ауады.

Сұлтанбек. Меніңше, мына біздің Айдардың «Империясына» айбат беріп тұрған – осылар. Өздерін қалай келістіріп жасаған, тура тірі сияқты әсер етеді екен адамға. Ал енді маған осы арыстандардың бірі – Айдар, екіншісі біздің келін Ұлжалғас сияқты болып көрінеді. Өйткені бұлар бұл жерде бекер тұрған жоқ, Әр нәрсенің өзінің символдық мәні болады.

Ұлжалғас (*сыңқ етіп, ұялғансып*) Ағай, қойыңызшы!..

Сұлтанбек. Жо-жоқ, рас. Ұлы сөзде ұяттық жоқ деген.

Тойболды (*қуланып*). Сұлтанбек Ертуғанович, демек, Сіз (*арыстандардың мүсіндерін нұсқап*) бұлардың бірі – еркек, екіншісі – ұрғашы демексіз ғой?

Сұлтанбек(*күліп*). Солай ғой енді...

Тойболды. Сонда, Сіздіңше, бұның еркегі қайсы, ұрғашысы қайсы? Енді бізге ажыратып бермейсіз бе?

Сұлтанбек(*сәл-пәл ойланып барып*). Меніңше, еркегі – мынау, (*Айдарға бұрылып*). Таптым ба?

Айдар. Тапқанда да дәл үстінен түстіңіз!

Гүлден(*қызығып кетіп*). Сұлтанбек Ертуғанович! Қалай таптыңыз, айтыңызшы, а-а?!.

Сұлтанбек. Ол үшін мына мүсіндерге дұрыстанқырап,

бажайлаңқырап көз салу керек.

Гүлден. Қалай дұрыстанқырып, қалай бажайлаңқырап?..

Сұлтанбек енді «ұрғашы арыстанның» мүсінінің жанына келіп, оны жалынан сипайды.

Сұлтанбек. Мына арыстанның мүсіні әйелдікіне ұқсай ма, әлде еркектікіне ме? Әрине, әйелдікіне. Ананың денесі секілді тым шомбал, олпы-солпы емес, қаншырдай қатып қалған. Сосын бір жағынан өзі кісіге сүзіліп, сынай қарайтындай ма, қалай... Анау секілді мұрнын аспанға көтеріп, одырайып тұрған жоқ.

Тойболды (*тамсанып*). Сұлтекеңнің талғамдары, интуициялары қандай, ә?!.

Нұрсұлу. Ал қаншыр деген не сонда?

Сұлтанбек. Оны әуелі мына қадірменді публикадан сұрап көрейік. Ал, жамағат, қаншыр дегеніміз не? Кәне, кім айтад?..

Әуелі бәрі бір бірлеріне сұрақты жүзбен қарасады, сонан соң «Оны біз қайдан білейік?» дегендей иықтарын қомдасады.

Сұлтанбек. Міне, көрдіңдер ме қазіргі замандық қазақтарды!.. Мәселен, мына Гүлденді түсінуге болар. Бұл қалада, асфальтта өскен қыз ғой. Ал қалғанымыз ауылдың шаңдағын бұрқыратып өскен қараборбайлар емес пе едік?!.

Айдар. Сұлтеке, байқаңыз, жаңағы борбай жөніндегі әңгімеңіз келіндеріңіздің көңілдеріне келіп қалуы мүмкін.

Ұлжалғас. (*сыңқ етіп*) Қойшы-әй, сен де бір қайдағыны

шығармай... Айта беріңіз, ағай.

Сұлтанбек. Өзі білмеген соң, әдейі сөзді бұра тартып қой бұл қу бала. Менің айтайын дегенім мүлде ол емес.

Берікбол. Сонымен, аға, қаншыр дегеніміз не болды?

Сұлтанбек. Қаншыр дегеніміз арыстанның аналығы, орысша айтқанда, львица.

Нұрсұлу(*басын шайқап*). Біздің ағайдың білмейтіні жоқ. Аға, осылардың бәрі бір басқа қалай сыя береді? Бұл енді тарих емес, филология ғой.

Ұлжалғас. Сұлтанбек Ертуғановичтің басы қазына ғой. Тойболды, сен нағыз ақ бас тарихтың қатесін түзеткіш кісі болсаң, ең үлкен ми Айдардікі емес, Сұлтанбек ағанікі екенін дәлелдеуің керек еді мана.

Тойболды. Солай ма, Ұлеке? Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ дейт, сіз айтсаңыз, мен өзімнің қателігімді түзеуге әзірмін. Шынында да, қаншыр дегенді өмірімде бірінші рет есітіп тұрмын. Құдай білет, осы сөздің мағынасын біздің жазушыларымыздың өздері де білмейді!

Сұлтанбек. Жо-жоқ, олар білет. Қанша айтқанмен, мамандар ғой. Ал аюдың ұрғашысын не дейт, соны білесіңдер ме? (*Ұлжалғасқа бұрылып*). Келін, сен Кегеннің, таудың қызысың ғой, білетін шығарсың? Ал қалғандарының біле қоюы неғайбыл.

Ұлжалғас. Сұлтанбек Ертуғанович, ұят болса да айтайын, білмейді екем.

Сұлтанбек. Нұрсұлу, онда сен айтып көрш.

Нұрсұлу. Аюша дейтін шығар.

Бәрі ду етіп күліп жібереді.

Тойболды. Сұлтеке, сіз де сұрайтын адамды таптыңыз-ау.

Гүлден қуланып, бастауыш сыныптың оқушысына майысып, қолын көтереді.

Гүлден(ойнақы үнмен). Ағай-ағай!.. Мен айтайынш!..

Сұлтанбек. Айта ғой, балақай!..

Гүлден. Меніңше, аюдың күйеуін – аю мырза, ал әйелін – аю ханым дейт.

Тағы да жұрттың бәрі ду етіп барып басылады.

Сұлтанбек (күлкісін әзер тыйып). Жоқ, мырзалар мен ханымдар! Аюдың ұрғашысын кірекей дейт. О, бұл жарықтық қазақ тілі дегеніңіз телегей теңіз ғой, түпсіз терең мұхит қой. «Жібекті түте алмаған жүн етеді демекші, бұл жарықтық, әулие тілді қор қылып жүрген өзіміз емеспіз бе?! Мәселенки, ғұламалар дүние жүзіндегі ең бай тіл деп тапқан тіл – мына өзіміздің көршіміз орыстың тілі. Орыс тілі де, әдебиеті де әлемде теңдессіз, оны өзіміз өркениеттің шыңына шыққан ұлттар деп жүрген ағылшындар мен жапондар да, немістер мен француздар да – бәрі мойындаған.

Ал сол ұлы деп жүрген орыс тілінде түйеге қатысты үш-ақ сөз, яғни үш-ақ ұғым бар – верблюд, верблюдица, верблюженок деген. Ал қазақ тілінің білгірі Герольд Карлович Бельгердің айтуы бойынша, біздің ана тілімізде сол ойсылқараға қатысты, Құдай-ау, жүз бе екен, әлде екі жүз бе екен,

әйтеуір сол шамалас атау бар көрінеді. Өздерің білесіндер, бота, тайлақ, буыршын, бура, атан үлек, қайымал, мая, інген – осылай кете береді ғой. Қазіргі күні осындай телегей теңіз тілді біреулер кедей тіл, тайыз тіл дейтін болыпты?.. Енді оларға не дейсің?

Берікбол. Иә, жібекті түте алмаған жүн етеді» дегеніңіз нағыз барып тұрған шындық.

Нұрсұлу. Иә, өзіміз ана тілімізді білмейміз, және білмегенімізбен қоймай оған кедей деп, мұрнымызды шүйіреміз ғой және.

Тойболды қойқаңдап ортаға шығады.

Тойболды (*сөзінің бас жағын өлеңдетіп*). Ау, жарандар! Маған дереу бәрің бірдей қарандар! Енді дискуссияны осымен тоқтатып, билейміз! Және билегенде де түбін түсіріп билеуіміз керек!.. Өйткені бүгін аса қадірменді Айдар Сейтқалиұлының мерекесі! Ал ол болса, біздің туымыз, жалауымыз! Ендеше, Маэстро, музыка!.. Кәне-кәне!..

Фараби тағы да магнитофонды іске қосады. Бү жолы эп дегеннен Шәмшінің «Бақыт құшағындасы» сызылып қоя береді. Жұрт жұп-жұп болып, ырғала басып, би алаңына беттейді. Қызара бөртіп алған Айдар шап беріп Гүлденнің қолынан ұстай алады да, оны би алаңының шетіне қарай басқалардан оңашалап ала жөнеледі.

Гүлден (*қолын ауырсынып*). Өй, ағ-а-а-й!..

Айдар. «Ағай» деген даусыңнан айналдым әшейін... Сізді биге шақыруға бола ма?

Гүлден. Мына мені ме?

Айдар. Мына тап Сізді!..

Гүлден (*ойнақыланып*). Онда шақырыңыз! Немедленно шақырыңыз! Манадан бері қайда жүрсіз шақырмай?! Ай қарап жүрсіз бе?!

Екеуі вальс ырғағымен баяу тербетіле бастайды.

Айдар. Енді мына ағаң әп дегенде өзіңіз секілді періштеге бата алмай... Сонан соң қайраттанып, айбаттану үшін жүз грамм алып қойып дегендей...

Гүлден. Ішкілікті ұнатасыз ба?

Айдар(*ақталып*). Жо-жоқ, о не дегеніңіз! Ішімдік деген... Ол енді бар болғаны ең маңызды істің, шаруаның кіріспесі... Музыкалық терминмен айтқанда, прелюдиясы секілді нәрсе ғой. Мысалы, домбраны тарту үшін әуелі оның құлақкүйін келтіру керек дегендей...

Гүлден. Солай деңіз!..

Айдар. Солай-солай.

Гүлден. Ал жаңағы Сіз айтқан ең маңызды іс, жұмыс не сонда?

Айдар. Ол енді белгілі емес пе?! Ол – махаббат, сүйіспеншілік, достық...

Гүлден. О-о-о!..

Айдар. Сіздің атыңыз ғажап! Гүлден!.. Қандай керемет! Қалай тауып қойған!

Гүлден. Сіз солай ойлайсыз ба?

Айдар. Жалғыз мен емес, менің орнымда басқа біреу бол-

са да ол да дәл осылай ойлар еді. Әрбір кісінің атында, білесіз бе, бір магиялық мағына жатады. Сізді ата-анаңыз о баста осылай деп бекер атамаған. Мәселен, сіздің есіміңіз, Сақыш, Пернегүл, Өрікгүл, Мейізгүл болуы да мүмкін еді ғой. Ал Жаратушы Сіздің ата-анаңыздың аузына басқа есімді, Гүлден деген керемет атауды салды. Ол бекерден-бекер емес. Бү дүниеде жайдан-жай ештеңе болмайды. Сіз (*көкті нұсқап*) о бастан-ақ гүлденуге жаралған жансыз! Ал басқалар мына дүниеге Сізге қызмет етуге келген. Соның бірі мына менмін!..

Гүлден. О-о-о, мерси!.. Сіз, жалпы ақын емессіз бе осы?!.

Айдар. Жоқ, мен кәсіпкермін. Базалық білімім бойынша тарихшымын. (*Иегімен Сұлтанбек пен Тойболдыны нұсқап*). Бір замандарда ана кісілермен бәріміз бір кафедрада қызмет еткенбіз.

Гүлден. Есіткем-есіткем...

Музыка аяқталады. Дәл соны күтіп тұрғандай жақын маңнан отшашу, фейерверк атылады. Ол бір сәтке аспанды түрлі түске бөлеп, айналаны самаладай жарқыратып жібереді.

Берікбол. Отшашу!..

Ұлжалғас. Ура, фейерверк-к!..

Тойболды. Аспаннан нұр жауды, ханымдар мен мырзалар! Мен білсем, бұл фейерверк Айдар мырзаның туған күнінің құрметіне атылып жатыр!..

Нұрсұлу. Правда?! Ой, как здорово! Бірақ мына арадан

қай жерден атылып жатқаны онша көрінбейді екен...

Тойболды. Онда былайырақ, анау биіктеу жерге барып тамашалайық та!.. Кеттік, жолдастар!..

Ұлжалғас. Кеттік!

Гүлден. Қандай керемет!..

Бәрі отшашуды тамашалауға кетеді.

Бірінші бөлімнің соңы.

Екінші бөлім

Отшашуды тамашалауға кетушілердің ішінен ресторанның жаздық алаңына Гүлден мен Айдар бірінші болып оралады. Қалғандары әзір көріне қоймайды. Арақ пен шарапқа, өзінен әлдеқайда кіші, сұлу, әдемі, жас қызбен сәтті танысу қуанышының буына мас болған Айдар көздері шарадай жанып, әбден шабыттанып алған.

Айдар. Шынымды айтсам, мен Сізге ғашық болып қалдым!..

Гүлден(көздерін ойнақшытып). Қойыңызшы!.. Бір көргеннен бе?!

Айдар. Иә, шын айтам, бір көргеннен! Көзіме әп дегеннен тура оттай басылдыңыз!.. Жүрегім тоқтап қала жаздады.

Гүлден (сақ-сақ күліп). О-о-о!.. Ай, өтірікшім-ай, өтірікшім-ай! Осы Сіздер, ер адамдар, өтірікті табан асты қалай қиыстыра қоясыздар, а-а?! Ой, ішім-ай, ішегім-ай!.. Үйбәй-ай, ағатайымның жүрегі тоқтап қала сақтапты ғой!..

Айдар. Күліңіз-күліңіз!.. Мазақтаңыз! Тіпті ол аз болса, табаныңызға таптаңыз!.. Мен Сіз үшін бәріне көнем.

Гүлден (*күлкісін әзер тыйып*). Өй, қойыңызшы! Ішегім үзіліп кетіп жүрер, аға... Сондай баланың әңгімесін не қыламыз, одан да маңыздырақ бірдеңе айтайық та.

Айдар. Алтыным-ау, осыдан маңызды не болуы мүмкін мына жалған пәниде?

Гүлден(*күлкісін тыйып*). Мен Сізге қойыңыз дедім ғой, одан да айтыңызшы – мына рестораныңыздағы жөндеу жұмыстары қашан бітеді?

Айдар. Бұйыртса, осы бір айдың о жақ бұ жағында.

Гүлден. Сосын тағы той жасайсыз ба?

Айдар. Жасамай!.. Жасаймыз!.. Біз қазақтар, осы дүниеде сол той жасау үшін жүрген жоқпыз ба?! Ендеше той жасамағанда не бітіреміз? Ал енді сол мерекенің ең құрметті қонағы мына өзіңіз боласыз!

Гүлден (*қылымсып*). Қойыңызшы, рас па?..

Айдар. Рас болмағанда!.. Той дастарханның қақ төрінде өзіңіз отырасыз ай мен күндей жарқырып! Қалғандардың бәрі Сізге қызмет етеді сол күні. Мен сондай бұйрық берем! Ал өзім сізді тап былай!.. (*Жалма-жан бейқам тұрған Гүлденді қапсыра құшақтап алып, тік көтеріп*). Иә-иә, тап осылай көтеріп алып, төрдегі орындығыңызға отырғызам!..

Гүлден әуелі ішек-сілесі қатып күледі, одан соң Айдардың иығын кішкентай жүдырығымен онша ауыртпай, төмпештей бастайды.

Гүлден. Болды енді, болды!.. Жіберіңіз! Дереву босатыңыз мені!..

Осы кезде фейерверкті тамашалауға кеткен өзге қонақтар да оралады. Сұлтанбек бір-бірімен әмпей-жәмпейлесіп, мәз болысқан Гүлден мен Айдарға жақтырмай, тесіліп қарайды. Бірақ бір сәттік бақыт буына мас болысқан олар мұны байқамайды. Тек Айдар мен Гүлден ғана емес, қалғандарының да арақ пен шарапқа қызып, едәуір желігіп алғандары көрінеді. Солардың бірі Тойболды арыстандардың мүсінінің жанына аялдап, әлдебір басын қатырған сауалға жауап таба алмай сарсаңға түскен адамша оларға қайта-қайта сүзіліп қарай береді.

Нұрсұлу (*Тойболдыға*) Не ғып тұр есалаң адамша? Немене, арыстан боп, соларға қосылып кеткің келіп тұр ма?

Тойболды(*тілі күрметіліңкіреп*). Әй, мыналардың қайсысы еркек, қайсысы ұрғашы ед?..

Нұрсұлу (*мырс етіп*). Оны не қылайын деп едің? Оларға да тост берейін деп пе ең?

Ұлжалғас (*арыстандардың біреуінің басынан сипап*). Еркегі – мынау...

Тойболды. А-а, мынау ма? Мен анау екен десем... Мен қазір...

Кетеді.

Нұрсұлу (*кетіп бара жатқан Тойболдыдан екі көзін алмай*). Не істейін деп жүр?..

Ұлжалғас (*күліп*). Қайдам...

Пауза.

Тойболды манағы Айдарға сыйланған балықшының қал-

пағын алып, топқа қайта оралады.

Тойболды (*Айдарға*). Айдар Сейтқалиевич, біз Сіздің мына қалпағыңызды жалға ала тұрамыз.

Айдар. Пажалыста...

Тойболды. Ал енді кімде орамал бар? Қыздардың, әйелдердің бастарына тартатын...

Берікбол. Тәке, қазіргі заманда қазақ қыздары мен әйелдерінің ондай заттарды ұмытқандары қашан.

Тойболды. Жоқ, дегенмен жатқан-тұрған бірдеңе бар шығар.

Ұлжалғас(*дауыстан*). Сәния, а-а, Сәния?!.

Ресторанның ішінен, асхана жақтан жүгіре басып Сәния шығады.

Комодта менің жұқа «газовый» орамалым бар, мойынға салатын... Соны (*Тойболдыны нұсқап*) мына ағаңа әкеп бере қойш.

Сәния жүгіріп, қайтадан ресторанның ішіне кіріп кетеді де, көп кешікпей, қолындағы үлбіреген жүп-жұқа түрлі түсті орамалды Тойболдыға әкеп береді.

Тойболды. Рахмет, жаным. Көп жаса!..

Тойболды аз-маз шайқалақтаңқырап, етжеңді ауыр денесін әзер көтеріп, арыстандардың мүсінінің жанына келіп, олардың «еркегінің» басына жаңағы қалпақты кигізеді.

О-о, міне қатып кетті! Нағыз жігіт!.. Так, так... Енді қызымыздың, яғни Ұлжалғастың басына орамал тартамыз.

Тойболды «ұрғашы арыстанның» басына орамал байлай-

ды.

Тойболды (*мәз болып*). Во!.. Енді «бұлардың әйелі қайсысы, күйеуі қайсысы еді» деп ешкімнің басы ауымайтын болды.

Нұрсұлу (*мырс етіп*). Жынды!.. Мас боп қалған ба?

Гүлден. Нет-нет, наоборот очень отличная идея!.. Посмотрите, как они сразу оживились! Просто оригинально!.. Жаса, Тәке!.. Кәне сол үшін қол шапалақтап қояйық, достар!

Нұрсұлу мен Сұлтанбектен өзгелері қол шапалақтайды.

Ұлжалғас. Шынында да, мыналар тіріліп кеткен сияқты-әй біртүрлі!..

Берікбол. Рас-рас!..

Айдар (*күліп*). Ана Ұлжалғасқа қараңдаршы, Ұлжалғасқа!.. Өзіне орамал қатты жарасады екен-әй!..

Бәрі «арыстандарға» қарап мәз болысады.

Тойболды. Ханымдар мен мырзалар, енді дастархан басына барайық! Ішіп-жеуді, мерекені қайтадан жалғастырайық. Кәне-кәне!.. Болыңдар!..

Бәрі дабырласып, дастархан басындағы тисілі орындарына келіп, жайғаса бастайды. Айдар Гүлденнің қолынан тас қылып ұстай алып, оны жетелей жөнеледі.

Айдар (*Гүлденге*). Енді бірауық менің қасыма отырыңызшы.

Гүлден. Қойыңызшы, ұят қой!..

Айдар. Онда тұрған не бар? Кішкене әңгімелесіп отырайық та.

Гүлден (*Айдардың қасындағы әзірше бос орындықты нұсқап*). О жердің өзінің иесі бар емес пе?

Айдар. Ұлжалғасты айтасың ба?.. Ұлжалғас Нұрсұлуға қарай жылжып отырады. Немесе Сұлтанбек Ертуғановичтің жанындағы бос орындыққа... (*Осы кезде өзіне жақтырмай қараған Сұлтанбекке көзі түсіп кетін*). Сұлтеке, Гүлден менің қасыма отырсыншы шамалы... Қарындасыммен дұрыстап танысып алайын. Қарсы болмайсыз ба?

Сұлтанбек (*көңілсіз*). Мейілдерің...

Айдар. Эне, шефтің өзі рұқсат берді. Отырыңызшы енді!..

Гүлден (*әзер келіскен болын*). Ту-у, қоймадыңыз ғой тіпті... Жарайт.

Тойболды. Ал дұрыстап құйып қойдыңдар ма? Толтырып-толтырып құйындар!.. Бүгін ішетін, жейтін күн! Бүгін – мейрам!.. Бүгін – той!..

Берікбол. Тәке, біз әлде қашан құйып қойдық.

Тойболды (*орнынан тұрып*). Ал онда ендігі тосты, ендігі тосты... (*Қоразданып*) Ендігі тосты менің кімге беретінімді білесіздер ме?..

Пауза.

Эне, білмейсіздер! Ендігі тосты мен ай десе аузы бар, күн десе көзі бар менің ақ бәйбішеме берем! Бағана оның тостын Айдар тартып алып қойған. Так что... Ал, бәйбіше...

Нұрсұлу (*орнынан тұрып жатып, басын шайқап, жанындағы Ұлжалғасқа*). Ұмытпапты-әй?!

Ұлжалғас (күліп). Сені ұмытып Тәкенді өле алмай жүр дейсің бе? Тәкең өлетін жерін біледі...

Тойболды. Әрине, білеміз. Сұлтекең секілді профессор болмасақ та, Құдайға шүкір, бір кафедраның білдей аға оқытушысымыз. Так что...

Нұрсұлу. Жарайт, сөзіңді біреу сөйлеп жатқанда өзінді өзін мақтамай қоя тұрсаң қайтеді... (*Тамағын кенеп*). Ханымдар мен мырзалар! Мен көп сөзді білмейім. Сондықтан бірден тоқетерін айтпақпын. Қысқасы, Айдар Сейтқалиевичтің мынау «Империясы» жасасын! Сол империяның қожайыны, аса мәртебелі император Айдекеңнің даңқы арта берсін! Сол Айдекеңнің кейде оң қолы, кейде сол қолы, кейде мойыны, кейде тіпті алтын басы болған, болып жүрген, және алдағы уақытта да бола беретін Ұлжалғас ханымның мәртебесі асқақтай берсін! Айдекеңнің империясының арқасында осы отырған бәріміз осылай шат-шадыман болып, сайрандай берейік! Ура!..

Дастархан басындағы тойшылар қолдарын шапаттап, хормен «Ура! Ура!..» десіп шуласады. Бәрі қызып алған, бәрі мәз-мейрам, тек Сұлтанбек Ертуғановичтің жүзінде ғана кірбің бар. Айдар орнынан тұрып, екі жағына кезек шайқа-тылыңқырап, Нұрсұлудың жанына келеді.

Айдар (*Нұрсұлуға*). Бетті әкелш!..

Нұрсұлу бетін тосады. Айдар оны дұрыстап сүйеді.

Енді мына бетті!..

Нұрсұлу келесі бетін тосады. Айдар оны да асықпай,

баппен сүйеді. Сонан соң орнына қайта беттейді.

(Отырып жатып). Жұрттар осындай сұлу, осындай ақылды келіншекті қайдан тауып алады-әй? Білмейім-білмейім...

Тойболды *(қуланып).* «Иняздың» топан қызының арасынан өзім асықпай жүріп тандап алдым ғой, тандап!... Осыны өзіңе талай айттым да, Айдеке. Тіпті ұмытып қала береді екенсіз.

Айдар. Әй, соңғы кезде мына басы бар болғыр кейде осылай істемей қалатын болып жүр ғой. Бізге де сүйтіп асықпай тандау керек ет...

Ұлжалғас. Өкінбе. Әлі де кеш емес қой. Жассың, бет моншағың мөлдіреп, үзіліп кеткелі тұр!.. Таңда, кім саған қой деп жатыр?!.

Айдар. Қарағым, сен жағаласпай қоя тұрш...

Тойболды. Ханымдар мен мырзалар! Кәне, күлліміз тынышталамыз!.. Сөйтіп бәріміз асабаға, яғни маған қараймыз. Қарадыңдар ма? Қарасаңыздар, тойдың ең қызық жеріне енді келе жатырмыз!.. Қазір мен тағы бір кісіге тост берем. О кісінің есімі кім дейсіздер ғой?! *(Аузын ашып, көзін жұмып).* О-о-о!.. Ажары аймен, көзі күнмен таласқан о кісінің есімі – ғажап!.. Гүлден!.. *(Гүлденге бұрылып).* Олай болса, ендігі сөз кезегі өзіңде, Гүлденжан!..

Жұрт қол шапалақтайды.

Гүлден *(орнынан тұрып жатып).* Ой, аға, мені қатты мақтап жібердіңіз ғой.

Тойболды. Жо-жоқ, алтыным, бұл әлі аз, аз!..

Айдар да орнынан тұрады.

(Айдарға). Айдеке, әлі Сізге кезек келген жоқ. Сіз отыра беріңіз.

Айдар. Жо-жоқ!.. Тамада мырза, маған аяқ астынан бір тамаша идея келіп тұр!..

Тойболды. Тамаша идея дейсіз бе?.. Так-так, құлағымыз Сізде...

Айдар *(Тойболдыға).* Сіз жаңа Гүлденді ғажап, жұрттан өзгеше, ерекше адам дедіңіз бе?

Тойболды *(басын изеп).* Иә, дедім-дедім...

Айдар. Егер сол дегеніңіз рас болса, Гүлден тосты басқалар секілді жерде тұрып емес, биікте, яғни мына үстелдің үстіне шығып тұрып айтады!.. Міне, былай!..

Айдар кенеттен бас-көзге қарамай қасында бейқам тұрған Гүлденді қапсыра құшақтап, тік көтеріп алады. Гүлден екі қолымен Айдардың иығын төмпешітеп, екі аяғын ербеңдетіп, «Жібер! Жіберіңіз дейім!» деп, тытырлайды да қалады. Бірақ қарулы Айдарға оның бұл қарсылықтары шыбын шаққан құрлы көрінбейді, ол қызды биік өкше туфлімен үстелдің үстіне дік еткізіп, бір-ақ шығарады.

Тойболды *(мәз болып).* Bravo- bravo! Әй, Айдеке-ай, өсітпесең сен император боласың ба?! Кәне, Гүлденжан, бұл бір оригинальней нөмір болсын, сен, шынында да, тап осы жерде тұрып сөйлеш! Жарасады екен өзіңе!..

Гүлден. Өй, қойыңыздаршы! Түсем! Боюсь...

Айдар. Қорықпа, мен өзім қарап тұрам. Құлап бара жатсаң, міне былай ғып, қағып алам.

Тойболды. Гүлден, кәне, сөйле! Бір қызық болсын!.. Айтып тұрмын ғой, саған қатты жарасады екен.

Гүлден. Қойыңыздаршы, ұялам!..

Тойболды (*өзеуреп*). Өй, ұялатын несі бар, бәрі өзіміз ғой. Бәрі бұрыннан сыралғы достар осы отырғандардың...

Нұрсұлу. Сіндім, енді не де болса, тостыңды айта бер. Бұл ағаларың сені со жерден сөйлетпей жібермейді. Тәуекел...

Пауза.

Гүлден. Өй, мынау қызық болды ғой... Онда не дейім... Менің жаңағы Нұрсұлу тәтенің тамаша тостын қайталағым кеп тұр. Айдар Сейтқалиевичтің туған күні құтты болсын! Оның империясының даңқы арта берсін! Бәріміз осылай ойнап-күліп жүре берейік. Сол үшін рюмкелеріңіздегіні түк қалдырмай алып қойыңыздар! Түбіне дейін!..

Тойболды (*басын шайқап*). Гениально!..

Нұрсұлу. Тамаша!.. Ал енді аяғыңды ауыртып алмай, ана үстелдің үстінен абайлап түсе ғой. (*Тойболдыға*). Тамада, ана орындықтардың бірін қарындасыңның аяғының астына қарай жақындат.

Айдар (*орнынан ұшып тұрып, Тойболдыға*). Тәке-Тәке, орындықтың керегі жоқ! Өзім-ақ көтеріп түсіріп алам!..

Гүлден. Қойыңызшы!.. Енді өзім түсем! Тойболды аға, жақындатыңызшы орындықты.

Тойболды (орындықты жақындатып жатып). Қазір-қазір... Айн момент!..

Айдар (Гүлденді құшақтамаққа ұмтылып). Тәке, мен саған керегі жоқ дедім ғой. Мен өзім-ақ!..

Гүлден. Тойболды аға, тыңдамаңыз бұ кісіні, тыңдамаңыз!..

*Гүлден өзіне қарай өлермендене ұмтылған Айдардан зәресі ұшқан кісісіп, шыңғырып жібереді де, үстелдің үстімен одан олай-былай қаша бастайды. Осы кезде оның туфлиі бірнеше тарелка мен қасық, шанышқыларға тиіп кетеді де, әлгі ас приборлары жан-жаққа ұшады. Сондай тарелкалардың бірі ішіндегі салатымен бірге Сұлтанбек Ертуғанұлының дәл алдына барып құлайды. Ол бет-аузы сұрланып, орнынан ұшып тұрады. **Сұлтанбек** (түрі өрт сөндіргендей болып).*

Токтатындар!.. Бұл не деген көргенсіздік өзі!..

Алайда экспромтты түрде, аяқастынан туып кеткен мына қызықты ойынға әбден беріліп кеткен, шала бурыл Айдар оның сөзін шыбын шаққан құрлы да көрмейді. Ақыры ол Гүлденді қолына түсіріп, оны тағы да манағыдай қапсыра құшақтай алып, дік еткізіп, жерге бір-ақ түсіреді. Алайда сол қас пен көздің арасы дерліктей бес-алты секундтың ішінде Гүлденнің ербеңдеген аяқтары тағы бірнеше ыдыс-аяқты төменге қарай домалатып үлгереді. Қас қылғандай солардың бірі бұл жолы Сұлтанбектің білегіне келіп соғылады.

Сұлтанбек (*Айдарға оқты көздерін қадап*). Өй, мынау, шынында да, нағыз көргенсіздің өзі екен ғой!.. Бұл не деген бассыздық!..

Айдар (*Сұлтанбекке жалт қаран*). Қойыңызшы!.. Соншама не боп қалды?!

Сұлтанбек (*зекірін*). Әй, мынау не дейді-әй?! Ұялудың орнына тіпті маған мәміле айтып, келе жатыр ғой өзі!..

Айдар. Мәміле айтса, несі бар?! Немене, Сіз сондай-ақ аспаннан салбырап түсіп пе едіңіз?! Той, мереке болған соң, ойнап-күліп жатырмыз... Немене сонша!?. Өтіңіз жарылып кетті ме?!

Сұлтанбек. Мына көгенсіз қалай-қалай сөйлейді-әй?! Тарт тілінді!..

Айдар. Тартпайым!

Ұлжалғас (*Айдардың жаньына жүгіріп кеп*). Айдар, тоқтат!.. Ұялмайсың ба, Сұлтанбек ағаның жасы үлкен ғой!.. Кешірім сұра дереу!

Айдар. Сұрамаймын мен ешкімнен кешірімді! Қажет болса, өзі сұрасын. Жоғ-ау, маған тіпті әкем секілді әкірең-әкірең етеді. Көргенсіз мен емес, оның өзі!.. Осындайларды да профессор деп әлдеқандай қыламыз-ау!..

Тойболды (*Айдардың жаньына жетіп кеп, оның білегінен ұстап*). Әй-әй, мырза!.. Стоп-стоп!.. Сен тым қанаңнан асып барасың! Мынауың – ұят!..

Айдар (*Тойболдыға*). Не енді өзі жұртты қайта-қайта көргенсіз дейд?! Дұрыс па сонысы?! Басқа бір сөз құрып

қалды ма айтатын?..

Тойболды. Айтса , жасы үлкен ағаң. Көтере салсаң қайтеді? Не, хандығыңнан түсіп қаласың ба?!

Айдар (*қолын сілтеп*). Әй, қойш сен осындай мәймөңкеңді!.. Жағынсаң, өзің жағына бер кафедра меңгерушіңе! Ал мен жағынбаймын! Өйткені Құдайға шүкір, мен ол кафедрада істемеймін.

Тойболды. Пәлі, мына кісі қалай ісіп-кебеді – әй?!

Нұрсұлу (*Тойболдыға*). Тойболды, болды енді!.. Жетер!.. (*Бұдан кейін Сұлтанбек пен Айдарға қарап*) .Бәріңіз де дереу бір-бірлеріңізбен татуласыңыздар!.. (*Берікбол мен Гүлденді нұсқап*). Мына жастардан ұят емес пе?! Сұлтанбек Ертуғанович, кешіріңізші! Айдар үшін мен Сізден кешірім сұрайын, ашуыңызды басыңызшы бір жолға!..

Гүлден (*жыламсырап*). Сұлтанбек Ертуғанович, извините, ради Бога!..

Сұлтанбек (*сәл-пәл жібіп*). Жо-жоқ, ойынды, қалжыңды түсінбейтін мен бір қатып қалған әлгі... педант емеспін. Және біреудің тойының, мерекесінің қызығын бұзу деген де менің ғадетімде жоқ нәрсе. Алайда әр нәрсенің ақылға сыйымды шегі болады емес пе?!

Айдар (*мысқылдап*). Не, сол шегін сіз қолыңызға сызғыш алып, осылай өлшеп жүрсіз бе үнемі?!

Сұлтанбек. Эне, көрдіңдер ме айтып тұрған сөзін!.. (*Айдарға сұқ саусағын шошайтып*). Жоқ, мынау әбден тойынған, семірген адам!.. Әлгі қазекемнің «Жаман атқа жал біт-

се, жанына торсық байлатпас» дегені ып-ырас болып шықты!..

Айдар (*Сізден сенге көшіп*). Жаман ат мен емес, мына сенің тап өзің! Төрт жүз долларға жетер-жетпес айлығың бар... Сүйтіп ыңыршағы айналып жүріп, жұртқа ақыл айтқысы келеді! Между прочим, менің қатардағы қызметкерім сенен екі-үш есе жоғары жалақы алады.

Ұлжалғас(*жыларман болып*). Айдар, болды енді! Тоқтат!..

Берікбол (*Айдарды қолынан тартып, сілкілен!*). Аға, жетер енді!.. Масқара ғой мынауыңыз!..

Тойболды. Ау, Сейтқалиевич, сен өйтіп тым аспандай берме! Әлгі орыстың жазушылары айтпайтын ба еді, «біздің бәріміз Гогольдың шинелінен шықтық» деп. Сол секілді біз екеуміз осы Сұлтекеңнің шапанының астынан шығып едік қой! Ұмытып қалсаң, есіңе түсірш!.. Мысалы, қанша бизнесмен болсаң да, сені ешкім білмейді бізден басқа. Ал тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткер» Сұлтанбек Ертуғанұлын иісі қазақтың бәрі білет!..

Айдар(*тәкаппарланып*). Ғалым болса, қайтем! Бола берсін!.. Ал мен, Құдайға шүкір, ғалым емеспін.

Сұлтанбек(*дip-dip етіп*).Қайтесіндер соны! Бұл тойынған немені! Қазір мұндайлардың көзін шел басты ғой. Бірақ бар ғой, осындайларды есірткен мына біздің өзіміз! Баяғы сол құлдық психология жанымызды да, тәнімізді де жайлап

алған... Мына біз, байғұс қазақ, кімге құл болмадық?! Үш жүз жылдай орыстың ақ патшасына құл болдық. Сосын тағы жетпіс жыл солардың большевиктері мен коммунистерінің көсемдеріне басымызды идік жерге жеткенше! Енді, міне, тәуелсіздік алған осынау заманда өз қанымыздан жаралған мына секілді (*Айдарды нұсқап*) байшікештерге пенде болып отырмыз! Өзіміз осыларды мақтап-мақтап есіртіп жіберген! Өйткені әбден пенде, құл болып жаман үйреніп қалған мана біз біреулерге жалпақтап, басымызды имесек, жүре алмаймыз! Онсыз біздің тамағымыздан ас өтпейді. Ал мынау (*Айдарды көрсетіп*) бар болғаны кешегі ұры ғой! **Айдар**(*ыршып түсіп*). Кім ұры? Мен бе?!

Сұлтанбек. Тап сен!..

Айдар. Сен өйтіп аузыңа келгенді көки берме! Олай болса, дәлелде! Докажи!.. Қәне!..

Сұлтанбек. Дәлелдейім қазір!.. Ана тоқсаныншы жылдардың басында сен де мына біз сияқты жалаңаяқ едің ғой? Рас па?!.

Айдар. Рас!..

Сұлтанбек. Рас болса, әуелі сен со кезде «Орбитаның» базары жанынан арақ-шарап сататын екі киоскі аштың. Дүңгіршек...

Айдар. Иә, аштым!..

Сұлтанбек. Сол дүңгіршектерінде күні-түні қандай арақ саттың?!

Айдар. Кәдімгі...

Сұлтанбек. Шатпа! Кәдімгі емес! Ол арақтардың бәрі қайдағы бір белгісіз сасық «подвалдарда», жертөлелерде антисанитарлық жағдайда жасалған «самопал» арақ-шарап болатын! Ал сен соларыңды арнаулы лицензиясы бар, заңды заводтарда дайындалған өнім ретінде өткіздің жұртқа! Олардың бөтелкелеріне жалған, қолдан жасалған этикеткаларды жапсырып! Сондықтан да сен үкіметке бір тиын да салық төлеген жоқсың. Ал анда-санда салық комитеті мен құқық қорғау органдарынан келген өзің секілді обыр өңеш тексерушілердің құлқындарын параменен тығындадың! Сенің капиталың, сенің байлығың, сенің империяң өмірге осылай келген болатын! Бұл ұрлық емей немене сонда?!.

Пауза.

Міне, қадірменді халайық, біздің табынып, бас ұрып жүрген мырзамыздың шынайы бейнесі! Ал мен кеттім! Қалатындарың қала беріңіздер, әбден құмарларыңыздан шыққандарыңызша тойлаңыздар, гөлайттаңыздар!

Тойболды. Сіз кетсеңіз, онда бәріміз де кетеміз!.. Не бар енді бізге бұ жерде?!.

Айдар.Кетсеңдер, кете беріндер! Ал жаңағы профессор мырзаның айтқанының бәрі – былжырақ!.. Болғысы келіп, бола алмаған адамның қызғаныштан шыққан жан айқайы...

Сұлтанбек(*көздерін Айдарға өшпенділікпен қадап*). Алаяқ!.. Мен сені әлі көрермін!.. Тұра тұр!..

Айдар. Білгеніңнен қалма!..

Сұлтанбек Ертуғанұлы Айдарға қолын бір сілтейді де,

жәңеледі. Оның артынан Тойболды, Нұрсұлу, Гүлден – үшеуі ілеседі. Ұлжалғас пен Берікбол бір сәт не істерін білмей, аңырып қалады.

Берікбол (Ұлжалғасқа!). Жеңеше, қонақтарды шығарып салуымыз керек шығар?.. Ең болмаса...

Ұлжалғас. А-а, солай ма?! Ту-у, есім шығып, миым айналып қалды ғой!.. Шынында да, сүйткеніміз дұрыс шығар...

Берікбол. Жүріңіз онда...

Екеуі кетеді. Жападан-жалғыз қалған Айдар Сейтқалмұлы аяңдап үстелдің басына келеді де, бос рюмкалардың біріне лықылдатып арақ құя бастайды. Сонан соң түрегеліп тұрып оны түбіне дейін алып қояды. Не істеп, не қойғанын өзі де түсінбегендей бірер минут мең-зең күй кешеді. Қайтадан үстел басындағы бос қалып, жайрап жатқан иесіз орындықтардың біріне отырады. Одан кейін қалтасынан шылым алып, тұтатады. Ресторанның ішінен Сәния шығып, үстел үстіндегі ыдыс-аяқтарды жинастыра бастайды.

Пауза.

Айдар. Сәния, бері келш...

Сәния (бұрылып). О, не, ағай?..

Айдар (өзіне-өзі әзер келіп, сәл-пәл күлімсіреп). Бері кел дейм...

Сәния келеді.

Айдар (жанындағы орындықты нұсқап). Отыр мына

жерге...

Сәния (*отырып жатып*). Ал отырдым, ағай.

Айдар. Өй-й, ағай деген даусыңнан айналдым сенің!..

Айдар алдыңдағы бөтелкіден екі рюмкеге шұмпілдете толтырып, арақ құяды да, оның біреуін даяшы қыздың алдына қарай жылжытады.

Ал, кәне, кеттік...

Сәния. Жұмыста жүрм, маған болмайды ғой, ағай.

Айдар. Ештеңе етпейд. Болат!.. Әлде сен менің айтқанымды істегің келмей отыр ма?

Сәния, (*рюмкені қолына алып*). Онда сіздің туған күніңіздің құрметіне бір рюмка алайын. Содан кейін қинамаңыз бірақ, жарай ма?

Айдар (*тілі күрметіліп*). Жарайт...

Екеуі рюмкелерін соғыстырып, алып қояды.

Өй, мына арақтың дәмі қайда кеткен-әй! Тура су сияқты...

Сәния (*ашырқанып*). Қойыңызшы, удай ащы ғой...

Айдар. Білмейім, маған су сияқты.

Сәния (*сыңқ етіп*). Көп ішіп қойған боларсыз. Көп ішкенде мұның дәмі білінбей кетеді.

Айдар. Өй, күлкіңнен айналдым сенің!..

Қолын Сәнияның иығына салып, оны сәл-пәл бауырына қарай тартады.

Сәния (*көздерін төңкеріп, назданып*). Ағай?!.

Айдар. Даусыңнан сенің!..

Сәния. Айдар Сейтқалиевич, қолыңызды алыңызшы!..
Ұлжалғас Көпбаевна көрсе, мені өлтіреді ғой!..

Айдар. Кәне, Ұлжалғас Көпбаевна? Жоқ қой ол... Жоқ.

Сәния. Кім білет, аяқ астынан кеп қалуы мүмкін. Күтпеген жерден...

Айдар. Не, содан... Ұлжалғастан қорқасың ба?

Сәния. Қорықпағанда!.. Жұмыстан шығарып жіберіп жүрсе...

Айдар. Сені ме?

Сәния. Иә, мені...

Айдар. Шырағым, осы ресторанның қожайыны, бас директоры кім өзі?

Сәния. Сіз...

Айдар. Ендеше Ұлжалғас сені қайтіп жұмыстан шығармақ? Мына мен тұрғанда... Мына көкең... Айдар Сейтқалиевич... тұрғанда.

Сәния. Дегенмен сіз бас директор болғанмен, ол сіздің әйеліңіз ғой. Ал отбасын әдетте әйелдер билейді. Өтірік пе?..

Айдар. Өтірік!.. Есінде болсын, Айдар Сейтқалиұлы өзін әйелге билететін адам емес. Түсіндің бе? Айтпақшы, сен қыз бүгін мені туған күніммен құттықтаған жоқсың... между прочим...

Сәния (*қуланьт*). Ағай, мен бүгін жұмыстамын ғой. Кейін өзім жеке құттықтаймын ғой. Жарай ма?!.

Айдар. Жарайт-жарайт... Жеке деген сөзің жақсы екен. Сонда, демек, мені оңашада... жеке құттықтайсың ғой?!.

Сәния. Иә-иә...

Айдар. Сәнияш, мен сені жақсы көрем. Сен соны білесің бе?

Сәния (*сықақ етіп*) Қойыңызшы?!.

Айдар. Шын айтам!..

Сәния. Бағана әнебір қыз ба, келіншек пе, біреуді қайта-қайта қиылып, биге шақырып жүр едіңіз ғой?!.

Айдар. Оны сен қыз қайдан көріп қойдың-әй?!.

Сәния. Біздің де көзіміз бар ғой, ағай...

Айдар. Өй, көзіңнен айналдық сенің!.. Әй, ол қыз жай...

Ол манағы профессорсымақтың аспиранткасы. Мен жай...

Сәния. Қайдам?!.

Айдар. Шын айтам.

Сәния. Профессор деп отырғаныңыз әлгі... Манағы төрде отырған ақ бас кісі ме?

Айдар (*жақтырмай қабағын кіржүсітіп, қолын сілтеп*).

Иә-иә, сол...

Сәния. Айдар Сейтқалиевич, Сіз маған жатақханадан бір орын алып беремін деп едіңіз ғой...

Айдар. Қай жатақханадан?..

Сәния. Анадағы айтқан ше?.. КазГУдегі...

Айдар. Ә-ә... Ол енді сенің тәртібіңе, поведениеңе байланысты.

Сәния (*дауысын құбылтып*). Тәртіпті, поведениені жөндейміз ғой, Айдар Сейтқалиевич!..

Айдар. Онда бітті! Комендантпен өзім сөйлесем. Бе-

ретінің береміз. Ақша болса, бәрі болат, Сәнияш! Түсіндің бе?!.

Сәния (*Айдардың бетін шөп еткізіп бір сүйіп*). Түсіндім. Рахмет, ағай!..

Айдар. Әй, осы сен қыз түбінде бір жерден шығасың!.. Ақылың бар.

Осы сәтте бұлардың үстіне Тойболды қайтып келеді. Айдар мен Сәния оған сәл-пәл таңырқап қарайды. Үшеуінің көздері түйіседі.

Пауза.

Сәния (*орнынан тұрып жатып*). Ағай, мен тұрайын. Ыдыстарды жинастыруым керек...

Айдар. Мейлің...

Сәния кетеді. Тойболды батылсыздау түрде, көздері жапақтан Айдарға қарама-қарсы орындықтардың біріне келіп отырады.

Айдар (*ызбарланып*). Ал, құлағым Сізде, мырза!..

Тойболды (*қипақтан*). Айдеке, сен мені кешір!..

Айдар. Не үшін?

Тойболды. Манағы... әлгі ана шалдың сөзін сөйлеп, сені біраз ренжітіп алғаным үшін. Бәрін таксиге отырғызып жібердім. Нұрсұлуды да. Сосын сені ренжітіп алғаным есіме түсіп... Өзіңнен кешірім өтінейін деп қайтып келіп отырмын. Кешір!..

Пауза.

Айдар міз бақпай, сұп-сұр болып, отыра береді.

Өзің білесің, менің күнім қазір соған, Сұлтанбекке қарап тұр ғой. Шіренетіндей ол секілді ғылым докторы, тіпті ғылым кандидаты да емеспін. Ал өйтіп-бүйтіп күн көру керек. Өзің білесің, менің әлгі «Жетісуда Совет өкіметін орнатудағы Коммунистік партияның рөлі» деген дайын диссертациямды енді-енді қорғайын деп тұрғанда, қасақана Совет үкіметі құлап қалды емес пе тоқсан бірінші жылы. Сүйтіп тақырып өзінің актуалдығын жойды, ал менің архивтерде, кітапханаларда сарылып өткізген он жылдық еңбегім еш кетті!.. Қазір «Алаш» партиясының тарихын зерттеп жүрім. Еңбектің 80-90 пайызы дайын. Енді қорғау керек. Ал, өзің білесің, ол жұмыс та Сұлтанбектің қолдауынсыз, қолпаштауынсыз бітпейді. Өйткені диссертациялық кеңестің төрағасы – сол. Өзің білесің ғой енді...

Айдар (*сал-пәл жібіп, үстелдің үстіндегі бөтелкелердің бірін нұсқап*). Анадан құйш!..

Тойболды орнынан ұшып тұрып, жалма-жан екі рюмкеге ақ арақтан шүмпілдетіп құя бастайды.

Кел, кеттік!..

Екеуі де рюмкедегіні түбіне дейін төңкеріп қояды.

Тойболды (*сал-пәл көңілденіп*). Айдеке, түсінгеніне рахмет! Шіркін, сен ер жігітсің ғой! Баяғыда ана менің балдызым, Нұрсұлудың үлкен інісі істі болғанда жасаған жақсылығың әлі күнге дейін есімнен кетпейді. Ерсің ғой!.. Жағдай айтып барғанымда, сейфіңнен сөзге келмей бақандай он мың долларды суырып бердің! Сүйтіп балдызым аман қал-

ды. Сонда сен сүйтіп менің Нұрсұлудың алдындағы беделімді аспанға бір-ақ көтерген болатынсың. Оны мен өлсем де ұмытпайым!.. Рахмет саған сондағы ерлігің үшін!

Айдар. Мен оны саған қарызға бердім ғой.

Тойболды. Мейлі-мейлі! Сонда сен біле білсең менің жаным мұрнымның ұшында тұр еді ғой! Әлгі менің балдызыммен «разборка» жасаған бандиттер оған төтесінен: «Ақшаны бүгін кешке дейін таппасаң, бізге өкпелеме!..» депті. Сүйтіп ол жылап маған келді. Мен саған бардым. Сен болмасаң, маған ол ақшаны табан астына кім тауып бере қояр еді?! Жо-жоқ, мен сенің ол жақсылығыңды өлсем де ұмытпаймын!..

Айдар (*бөтелкені көрсетіп*). Жарайт, анадан тағы...

Тойболды. Айдеке, өтінем! Манағыны көңіліңе алмаш!.. Сұлтанбектің де адам сүйер қылығы жоқ, бірақ қайтесің... Қол – қысқа. Тікелей бастығың болған соң, амалсыз шыдайсың. Өй, соның несін айта берем... Ақылды жігітсің ғой... Бәрін өзің түсінесің ғой...

Тойболды сөзін аяқтар-аяқтамастан бірдеңе тысыр ете қалғандай болған соң, артына жалт қарайды да, анадай жерде өзіне жек көре қадалып тұрған Сұлтанбек Ертуғанұлын көріп, шошып кетеді. Сұлтанбектің өздеріне қарап тұрғанын Айдар да жаңа ғана байқайды. Тойболды орнынан қалбалақтап, ұшып түрегеледі.

Тойболды. Сұлтанбек Ертуғанович! Сұлтанбек Ертуғанович! Келіңіз! Келіңіз! Төрге шығыңыз!.. Міне, мына жаққа!.. Айдар, мен саған жаңа айттым ғой біздің Сұлте-

кеңнің ашуы жібек орамал кепкенше деп, кемеңгер деп!.. Сұлтеке, төрге шығыңыз, төрге!.. **Сұлтанбек** (*зекін*) Әй, сен маған манағы портфельімді тауып бер! Оның ішінде кафедраның бір жылдық есебі бар болатын. Жаңа қара басып, ұмытып кетіппін. Сол үшін келдім, әйтпесе мен мына сенің сайраған бұлбұл үнінді естуге құмартып қайтып келгем жоқ! Түсіндің бе енді?!

Тойболды. Қазір, Сұлтеке, қазір!.. Ол портфельді мен бір жерге дұрыстап тығып қойғам!..

Тойболды қайқаңдап, ресторанның ішіне қарай жүгіре жөнеледі портфельді әкелуге. Айдар мен Сұлтанбек екеуі екі жаққа қарап, бірін-бірі мүлде танымайтын, білмейтін жандарша меңірейісіп қалады. Сәлден соң Тойболды ентігіп, портфельді алып, Сұлтанбектің жанына жетеді. Ол былғары, әдемі портфельді алақанымен аялай сипап, осы бір іші қазынаға толы асыл затты иесіне бірден бере салуға қимағандай, сәл-пәл кідіреді.

Сұлтанбек (*Тойболдының қолынан портфельді жүлып алып*). Әкел бері!..

Содан соң ол шалт-шалт адымдай басып, сыртқа беттейді. Тойболды бірденеден құр қалып бара жатқан адамша оның соңынан жүгіреді.

Тойболды (*Сұлтанбектің шалғайына оратылып*). Сұлтанбек Ертуғанович!.. Сұлтеке дейім!.. Портфельді маған беріңізші! Мен алып жүрейінш...

Сұлтанбек (*зекін*). Керегі жоқ! Портфельді, Құдайға

шүкір мен сенсіз де көтеріп жүре алам!..

Тойболды (*жалынышты үнмен*). Сұлтанбек Ертуғанович! Сұлтеке!.. Сіз мені дұрыс түсінбей қалдыңыз. Мүлде түсінген жоқсыз! Мен Сіздің әрі адуынды, әрі арынды, әрі шыншыл, әрі кемеңгер адам екеніңізді айтқым келген. Мен... мен...

Сұлтанбек. Өшір үніңді! Мен сенің мына сәт сайын құбылып тұратын жәдігөй үніңді есіткім де келмейт! Мен сен секілді бір кеште екі ойын ойнай алмаймын. Түсіндің бе енді?!

Тойболды. Сұлтанбек Ертуғанович! Сұлтеке дейім...

Екеуі кетеді. Айдар үстел басындағы манағы орнында біреу оны сол араға шегелеп кеткендей міз бақпастан отыр. Шылым шегіп отыр.

Айдар (*ызаланып, тістеніп*) Бейшара!..

Фараби үстелдің үстіндегі қалған ыдыс-аяқтарды ішке таси бастайды.

Айдар. Ыдыс-аяқ жуатын әлгі қыз бар емес пе ед?.. Әлгі кім еді...

Фараби. Дариғаш...

Айдар. Иә-иә...

Фараби. Ол аулына екі күнге сұранып кетіп еді ғой...
Өзіңізден...

Айдар. Ә-ә, солай екен ғой. Жарайт, шақыршы әлгі Сәнияны.

Фараби. Қазір...

Фараби кетеді. Сәлден соң іштен алдына алжаспқыш байлап алған Сәния шығады.

Сәния (*Айдарға жақын*дап). Ағай, шақырдыңыз ба?

Айдар. Иә... Отырш қасыма!..

Сәния. Ағай, мен ыдыс-аяқтарды жуып жатырмын...

Айдар (*бір қолымен Сәнияны өзіне қарай тартпақ болып*). Кейін жуасың...

Сәния (*икемге көнбей*). Қойыңызшы... Эне, Ұлжалғас Көпбаевна келе жатыр...

Айдар (*көше жаққа бұрылып*). Қане?..

Сәния. Эне, қасында сіздің ауылдан келген ініңіз бар...

Айдар (*былдырлап*). Мейлі, келе берсін, Не... мен солардан қорқам ба?..

Сәния. Жарайт, Айдар Сейтқалиевич, мен кеттім.

Сәния кетеді. Ұлжалғас пен Берікбол келіп, Айдардың жанына тоқтайды.

Айдар. Отырындар! Немене, қақиып тұрсындар?.. Кісі көрмегендей...

Берікбол мен Ұлжалғас Айдарға қарама-қарсы орындықтарға жайғасады.

Айдар (*Ұлжалғасқа үстелдегі арақтың шөлмегін нұсқап, әмірлі үнмен*). Құй анадан!..

Ұлжалғас. Манадан бері ішкенің аз болған шығар?!.

Айдар (*көзін ажырайтып*). Мен саған құй дедім ғой!..

Берікбол. Жеңеше, әкеліңіз, мен құяйын.

Айдар. Жоқ өзі құйсын!

Берікбол. Ой, енді кім құйғанда тұрған не бар?!

Айдар (*Берікболға*). Әй-әй!.. Енді сен де мыналарға қосылып маған қарсы шығайын дедің бе?! А-а?!.

Берікбол. Енді қарсы шықпайық десек...

Айдар (*Берікболға сұқ саусағын кезеп*). Ты смотри у меня!.. Бала кезінде мына көкеңнен қалай таяқ жегенінді ұмытайын деген еекнсің!..

Ұлжалғас. Енді қарап отырған Берікболға тиісейін дедің бе? Жаңағың анау – енді Сұлтекеңнің бетін қалай көреміз?

Айдар (*үстелді жұдырығымен қойып қалып*). Көрмейміз!.. Әй-әй, осы сен сол шалды «Сұлтекең – Сұлтекең» деп, неге осы аузыңнан тастамайсың? Қайдағы біреуді әлдеқандай қылып!.. Сен осы «Жуастан жуан шығады» демекші, үндемей жүріп сол шалмен бірге бірдеңені бұлдіріп жүрген жоқсың ба?! Ты смотри у меня!..

Ұлжалғас (*ырышып түсіп*). Былжырамаш!.. Ұят-аят дегеннен жұрдай адамсың ғой бір?.. Ең болмаса, мына балдардан ұялу дегенді де білмейсің! (*Жыламсырап, орнынан атып тұрып*). Мен кеттім үйге!.. Қал өзің рестораныңда! Тойла!.. Ана атауыңды кеңірдегіңнен келгенше іш!..

Айдар. Кетсең, кете бер!.. Бар!..

Берікбол да орнынан ұшып тұрады.

Әй, сен қайда барасың?!

Берікбол. Мен де кетем!

Айдар. Қайда кетесің?

Берікбол. Қазір жеңешемді шығарып салам да , қонақ

үйге кетем. Сонда барып қонам да, таңертеңгі пойызбен аулыма қарай қарамды батырам!..

Айдар (*тілі күрметілін*). Әй-әй!.. Ертең... таңертең-ң... екеуміз «автобарахолкаға» барамыз деп келіспеп пе едік, а-а?..

Берікбол (*қолын бір сілтеп*). Құрысын, автобарахолка-сы» да, бәрі де!.. Алматыда ағам бар деп, арқамды тауға тіреп жүрсем, не боп кеткенсіз өзі?! Мына арақты өміріңізде бірінші рет көріп отырсыз ба?! Ақыңыз кеткенше ішіп соншама!..

Ұлжалғас. Берікбол-ау, осы ғой менің көрген күнім!..

Айдар. Әй, сен өйтіп кісіге жала жаппа!

Ұлжалғас. Өтірік пе айтып тұрғаным?!.

Айдар ((*Ұлжалғастың сөзіне мән бермей, Берікболды қолынан тартып*)). Отыр!..

Берікбол. Отырмайм! Қолымды жіберіңіз!

Айдар. Мынау маған қалай-қалай сөйлейді? Әбден өзін жатбауыр болып алыпсың ғой.

Берікбол. Жатбауыр мен емес, мына өзіңіз!.. Ауылға, елге келмегеніңізге міне, бес жыл болды. Маған келмесеңіз де, ең болмаса, әке-шешеніздің басына барып, Құран оқытып кетпейсіз бе екі-үш жылда бір рет! Сіздің өйткен байлығыңыз кімге керек?!

Айдар. Мынаның тілі шығайын депті-әй!.. Сен өзіңнің туған ағана қалай-қалай сөйлейсің а-а?! Онда сен де кет!

Берікбол. Кетем!.. Енді қайтып келмейім!

Айдар. Келмей-ақ қой.

Ұлжалғас пен Берікбол кетеді.

Айдар (өзіне-өзі сөйлеп). Мейлі, кетсе, кете берсін. Бүгін осы иә маған, иә аналарға бірдене көрінді... Туған күнімде бұлардың бәрі маған қарсы шығып, поддержка жасаудың орнына... Мейлі, шықсын қарсы! Көрсетем мен оларға!.. Білмей жүр екен олар Айдар Сейтқалиұлының кім екенін!.. Әлі-ақ білгізем, білмей жүрсе!..

Фарап, Сэния!.. Қайда кеттіңдер-әй?..

Террассаға Болат келіп енеді. Әкесінің жанына келіп, аялдайды.

Әй, бұл кім-әй?..

Болат. Пап, бұл мен... Қонақтар қайда? Мамамдар қайда?

Айдар. Кетті бәрі. (қолын бір сілтеп) Қойш соларды!.. Отыр. Айтатын әңгіме бар.

Болат отырады.

Сен ертеңнен бастап жинала бер. Америкаға... Гарвард университетіне... Түсіндің бе?

Болат. Пап, Америкада мен не істейім?

Айдар. Не істейіміні несі-әй мынаның!?. Оқисың!..

Болат. Пап, мен ешқайда бармайым. Өзіміздің осы Алматыдағы «Политехта» оқиймы.

Айдар. Сен әкеңмен қалай-қалай сөйлесесің-әй?! Әлден – мынау, сонда бара-бара не болад, а-а?.. Барасың!..

Пауза.

Ә-ә, сен ана Жалғасбайдың ұзын сирақ қара қызын қи-май тұр екенсің ғой!.. Түсіндім, түсіндім... Бүкіл өмірің – алда, аманшылық болса, ондай шөпжелкелердің талайын көресің... Ал Гарвардқа өлсең де, тірілсең де барасың! Ана жаман Жанбайдың Асқары Кембридже оқып жатыр. Бақандай үшінші курста... Сенің содан нең кем, а-а? Аяғың кем бе, қолың кем бе, әлде басың кем бе?.. Барасың... Білсін, Айдардың кім екенін ана біреудің жетістігін көре алмайтын, іштеріне шынашақ айналмайтын қызғаншақтар...

Болат. Папа, мен ағылшын тілін жөнді білмеймін ғой. Гарвардта қалай оқымақпын? Түсінсеңізші!..

Айдар. Сылтауының түрін!.. Немене, сол ағылшын тілі деген де проблема болып па?! Жалдаймыз репетиторды!.. Жұрттың баласы адам болатын жаққа ұмтылад... Ал бұл болса...

Пауза.

Айтпақшы, жуырда екеуміз әлгі интернеттен әлемдегі ең мықты жоғары оқу орындарының рейтингін қарамап па едік?..

Болат. Иә...

Айдар. Иә болса, сонда бірінші орында қайсысы тұрып еді – Оксфорд па, Гарвард па?.. Әлде Кембридж де?

Болат (*жақтырмай*). Гарвард-Гарвард!..

Айдар. Ендеше сен тек қана сол Гарвардқа барасың. Бітті! Нүкте!..

Болаттың қалта телефоны қоңыраулатып қоя береді.

Болат (*телефонды құлағына тосып*). Иә, тындап тұрмын. Жарайт-жарайт... Мама, мен қазір барам. Иә, тап қазір... Жақсы, айттым ғой енді барам деп...

Орнынан тұрады.

Пап, мен кеттім. Мамам тез кел деп шақырып жатыр.

Айдар. Е-е, не боп қапты?..

Болат. Жай болу керек. Барған соң айтатын шығар.

Пауза.

Айдар. Жарайт... Бірақ сен қалайда тек Гарвардта оқитын боласың. Осыны ұмытпа!..

Болат кетеді. Айдар үстелдің үстіндегі ыдыс-аяқтарды алып кетуге келген Фарабиге бұрылады.

Айдар (*әзер-әзер сөйлеп, тілі күрметіліп, Фарабиге*). Фарап!. Фар-а-апжан-н!.. Кел... Мында келш-ш... менің қасыма.

Фараби Айдардың жанына келеді.

Отырсаңшы...

Фараби отырады. Айдар сұқ саусағын шошайтып, оған арақтың шөлмегін көрсетеді.

Құй анадан!.. Толтырып!..

Фараби (*құйып жатып*). Аға, көп болып кетпей ме?

Айдар. Жо-жоқ, көп болмайт... Ал тіпті көп болса да мейлі... Айналайын, сен жақсы жігітсің. Мен сені ана Болатымнан, Ботигімнен кем көрмейм. Бірдей көрем... Осы сенің қазір айлығың қанша?

Фараби. «Выручкаға», істегенімізге байланысты ғой.

Айдар. Сонда да... Шамамен.

Фараби. Орташа отыз-қырық мың теңгедей бар ғой.

Айдар. Жарайт... Мына «ремонт» бітсін. Сосын бар ғой... айлығыңды бірден елу-алпыс мыңға көтерем! Өйткені сен жақсы баласың. Адалсың... Біреулер секілді ішіне шынашақ айналмайтын қызғаншақ емессің.

Пауза.

Фарап, кел екеуміз қосылып бір ән айтайықшы. Бүгін менің туған күнім емес пе?..

Фарап. Аға, мен ән айта алмайым ғой.

Айдар. Ничего-ничего, айтасың... айтамыз. Кәне, бірекі-үш!...

Тойыңа гүл алып,

Келдім-м м-мен қуанып.

Қарсы алдың-ң күлімде-де-п...

Кәне айта алмағанымыз? Тамаша айттық емес пе?!

Ресторанның ішінен, асхана жақтан ыдыс-аяқ жуып жатқан Сәнияның «Фарап. Фараби!.. Бері кел, қайда жоғалып кеттің?!» деп шыдамсыздана шақырған даусы естіледі.

Фараби (орнынан тұрып жатып). Аға, мені шақырып жатыр.

Айдар. Кі-і-мм!

Фараби. Сәния...

Айдар. Өй, тап енді-енді... жаңа қызып келе жатқан кезде... Жарайт, бар. Болған соң қайтып кел бірақ. Өлең... ән

айтамыз.

Фараби. Жарайт...

Фараби кетеді. Пауза. Үстел басында жалғыз қалған Айдардың әбден шаруасы біте бастайды. Әуелі ықылық атып, сонан соң өзді өзі күбірлеп, бірдеңелерді былдырлайды.

Айдар. Қалай ет өзі?... Э, білдім-білдім...

То-о-йыңа-а гүл алы-ып,

Кел-л-дім мен... қуа-а-нып,

Қарсы алдың...

Қарсы алдың...

Қарсы алдың...

Тух-һ!..

Жұдырығымен үстелді қойып қалады.

Эй-эй-й, барасың Гарвардқа!.. Бармай көр осыдан!.. Гарвард-д...

Бұдан соң Айдардың сөйлеуге де шамасы келмей, басын үстелдің қырына сүйеп, қалғи бастайды да, бірер минуттан кейін мүлде қорылға басады. БІдыс-аяқты жуып болған Сәния мен Фараби сыртқа шығып, екеулері би алаңының шетіндегі жуан еменнің түбіндегі скамейкаға келіп жайғасады.

Сәния (скамейкаға отырып жатып, иегімен қалың үйқыға кеткен Айдарды нұсқап) Ағамыздың шаруасы бітіпті ғой...

Фараби. Жайырақ сөйле, оянып кетіп жүрер.

Сәния. Енді оны пушкамен атсаң да оята алмайсың. (*Айдар Сейтқалиұлын пародиялап, Фарабиге*) Барасың Гарвардқа! Осыдан бармай көр!.. Сенің атыңды ата-анаң о баста Фараби деп, бекер азан шақырып қойды деп пе ең? Сенің де Әбунасыр атаң секілді көп-көп білім алып, ғалым болуың керек!.. Бітті!. Нүкте!..

Фараби. Сен қыз құтырмай отырш. КазГУ-ден құлап жүрген бізге Гарвард қайда. Айтпақшы, сен Айдар Сейтқалиевичпен әмпей-жәмпей едің ғой, не ғып бүгін оны мазақтай қалдың?

Сәния. Немене, кейде өсітіп ойнауға да болмай ма бір сәт?! (*Сыңқ етіп*). Осы сен мені одан қызғанып жүрген жоқсың ба?

Фараби (*қызырақтап*). Мен бе?! Қызғанатын адамды тапқан екенсің!

Сәния (*қулап*) Қайдам-қайдам?!.

Фараби. Ешқандай қайдамы жоқ.

Сәния. Жә, ойнап айтам. Көңліңе алма... Мен сенің әпкеңмін ғой. Сенен бақандай бір жас үлкенмін. Фарап, шынында, осы біз, қазақтар, қызық халықпыз, ә? Мәңгі біреулерге жалпақтамасақ жүре алмаймыз. Үнемі өңешімізді созып біресе «О, Россия!.. О, Москва!..» біресе «О, атыңнан айналайын Америка, Нью-йорк, Гарвард!» деп жүргеніміз әйтеуір. Мысалы, мына маған бар ғой, Алматымнан артық ештеңе жоқ. Жо-жоқ, сен дұрыстап қараш мына Алатаудың тамылжыған кешіне! Жұлдыздары самаладай жарқыраған

барқыт аспанына. Таудан елбіреп соққан самалына. Ғажап емес пе?! Ғажап қой!..

Фараби (*есінен*). Иә, ғажап...

Сәния. Фарап, ән айтайықшы,ә?.. Жаймен сызылтып... Мына желпіп ескен қоңыр самал секілді етіп. Мен бүгін біртүрлі құтырып отырмын. Нансаң, күшім ішіме симай бара жатыр.

Фараби. Қайдағы ән?.. Есікті құлыптап, такси ұстап, үйге қайту керек. Ертең тағы жұмыс.

Сәния. Түһ, сен де бір... Шалдар секілді үйіңе асығысың да отырасың. Үлгереміз ғой. (*Фарапты иығынан құшақтап*). Кәне, қосылш... Бір, екі, үш!.. Кеттік!

Әндете бастайды.

Жұлдыздар жерге жақындап,

Байланып қалған секілді,

Қаз-қатар өскен тату бақ,

Ойланып қалған секілді.

Алматы түні, Алматы түні,

Ұйқымды менің ұрладың.

Алматы түні, Алматы түні,

Мен болып таңға жырладың...

(*Қиялға беріліп*). Шынында да, Алматы ғажап қой!.. Шіркін, егер осы қаладан бір екі бөлмелі пәтер сатып ала алсам, бұ дүниеде менен бақытты адам болмас еді. Ауылдан мамам мен інімді көшіріп алар ем. Сүйтіп үшеуіміз қайғысыз, қамсыз күліп-ойнап тұрар ек сол пәтерде!.. Осыдан артық қан-

дай бақ, бақыт керек адамға? Түсінбеймін!.. Айтшы, Фарап, дұрыс па менің айтып отырғаным?.. Енді бірдеңе деші!..

Фараби. Не деймін. Өзің айта берсеңші. Мен сен секілді шешен емеспін ғой. Сен өте әдемі сөйлейсің, кейде мен қызығым.

Пауза.

Сәния. Қой, жарайт, тұр онда. Отыра берсек, сен де ана Айдар Сейтқалиевич секілді мүлде ұйықтап қалып жүрерсің. Ішке барып асхананы бекітіп, сонан соң такси ұстап, үйімізге қайтайық. Фарап, дегенмен мына өмір ғажайып қой, солай емес пе?! Мен осындай тамаша елде, сендер секілді ақжүрек азаматтардың арасында өмір сүріп жүргеніме қуанам. Рас айтам. Ал енді жүр, кеттік-кеттік!..

Екеуі ресторанның ішіне қарай бет алады. Кетіп бара жатқан Сәния жаймен ыңырсып әндетеді.

Алатау алтын лағылдай,

Сәукеле киіп тұр үнсіз.

Ұқсайды көше ағынға

Алматы – арман тынымсыз-з...

Әннің мелодиясы бірте-бірте сахнадан алыстай береді де, сәлден кейін мүлде тынады. Енді оның орнын ресторанның алдындағы шағын бақтағы бұталар мен ағаштарға қонақтаған әнші құстардың сан қилы құйқылжып, сайраған үндері басады. Енді мынау тіршіліктің, өмірдің мәңгі бітпейтін ғажайып жырын мың сан үнге, бояуға толы ұлы симфониясын солар жалғастырады. Ал осы шығарманың

бас кейіпкері Айдар Сейтқалиұлы болса, дәл қазір өзінің сол манағы орнында бір алаңсыз бейбіт, мамыражай ұйқы құшағында.

Шымылдық.

e-mail: serik051@mail.ru